

# АІВҮН

Республикалық әскери-патриоттық журнал



АРНАЙЫ ШЫҒАРЫЛЫМ









## МАЗМҰНЫ:

ӘСКЕРИ ПАРАДТЫҢ ӘЛЕМІ  
ӘРБІРІМІЗДІҢ ЖҮРЕГІМІЗДІ  
ТОЛҚЫТҚАНЫ АНЫҚ ..... 4

ВОЕННЫЙ ПАРАД  
В ЦИФРАХ ..... 22

АРМИЯМЫЗДЫҢ  
АЙБЫНЫ АЙШЫҚТАЛДЫ ..... 23

ӘСКЕРІ ҚУАТТЫ ЕЛ  
АЛАҢСЫЗ ӨМІР СҮРЕДІ ..... 23

ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗДІҢ  
ҚАУҚАРЫН КӨРДІК ..... 24

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗГЕН  
ЖЕТЕЛІ ҰРПАҚ ..... 24

ПІКІРЛЕР ТОҒЫСЫ ..... 25

СИМВОЛ  
НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЕДИНСТВА И ПАМЯТИ ..... 27

ТАРИХИ ПАРАД  
КУӘГЕРЛЕРІНІҢ  
КӨКЕЙГЕ ТҮЙГЕНДЕРІ ..... 30

БАТЫРЛАР ЕРЛІГІНЕ  
ТАҒЫМ ЕТУДІҢ  
ҮЛГІСІ БОЛДЫ ..... 32

ПІКІРЛЕР ТОҒЫСЫ ..... 25

ШАГ ПАМЯТИ,  
ШАГ МУЖЕСТВА ..... 35



6



23



24



30



28



32



35

# АУВІН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров

Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова

Фархат Кинжитаев

Алуа Искакова

Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарава

Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан

Құрманғалиевтің

фотолары пайдаланылған

E-MAIL: [info@sarbaz.kz](mailto:info@sarbaz.kz)

МЕНШІК ИЕСІ:

«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.  
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
тапсырысы бойынша  
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30-сәуірінде №5341-Ж куәлігі берілген Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.  
Таралымы 666 дана. Тапсырыс № 05





# ҚҰРМЕТТІ САРБАЗДАР МЕН МАТРОСТАР, СЕРЖАНТТАР МЕН СТАРШИНАЛАР, ОФИЦЕРЛЕР, ГЕНЕРАЛДАР МЕН АДМИРАЛДАР! ҚАДІРЛІ ОТАНДАСТАР!



Сіздерді маңызы ерек мамыр мерекелері – Отан қорғаушы күнімен және Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Біз бұл күндері батыр бабаларымыздың адамзат шежіресінде алтын әріптермен өшпестей жазылған Отан қорғаудағы жанқиярлық ерлігіне тағзым етеміз.

Халқымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында өз өмірлерін қиған патриоттардың алдында басымызды иеміз. Жеңімпаз ұрпақтың өшпес ерлігін дәріптей отырып, олардың даңқты жолын абыроймен жалғастырып жүрген Қазақстан Республикасы

Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне құрмет көрсетеміз. Отан қорғаушылардың жоғары кәсібилігі, борышқа адалдығы мен ерік-жігері мемлекеттің қауіпсіздігі мен егемендігінің сенімді қалқанына айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен армиямыз мемлекеттің қорғаныс әлеуетін нығайтып, жауынгерлік дағдысы мен жедел дайындықтың жоғары деңгейін көрсетіп келеді. Қазақстандық жауынгерлер елімізді халықаралық аренада таныта білді.

Бітімгерлік операциялар мен халықаралық оқу-жаттығуларға қатысу Қарулы Күштердің беделінің артып келе жатқан дәлелдейді.



Біз бүгінде жауынгерлік кезекшілік атқарып жатқан әскери қызметшілердің әрқайсысын мақтан тұтамыз. Ел тыныштығын күзеткен сіздерді жауынгерлік рухтың, әскери тәртіп пен Отанға жанқиярлықпен қызмет етудің үлгісі деп білеміз.

## Құрметті ардагерлер!

Сіздердің даңқты жауынгерлік жолдарыңыз бүгінгі жас ұрпақ үшін өнегеге толы. Ел қорғаудағы баға жетпес еңбектеріңіз бен ерліктеріңізге шексіз құрмет көрсетеміз. Бүгінгі мереке күндері Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін күзетіп, мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген барша азаматтарға шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Барлық әскери қызметшілерге, соғыс және Қарулы Күштердің ардагерлеріне, еліміздің азаматтарына зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан тілеймін.



# УВАЖАЕМЫЕ СОЛДАТЫ И МАТРОСЫ, СЕРЖАНТЫ И СТАРШИНЫ, ОФИЦЕРЫ, ГЕНЕРАЛЫ И АДМИРАЛЫ! ДОРОГИЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ!



С глубоким уважением и искренней гордостью поздравляю вас с Днем защитника Отечества и 80-летием Великой Победы!

Это не просто памятные дни – это символы мужества и самопожертвования, благодаря которым был возвращен мир и восстановлена справедливость. Мы преклоняемся перед нашими предками, кто своим примером навсегда определил понятие подлинного патриотизма, чьи мужество, отвага и беззаветная преданность Родине навсегда вписаны золотыми страницами в летопись человечества. Сегодня, чувствуя подвиг поколений победителей, мы выражаем признательность тем, кто достойно продолжает их славные традиции – военнослужащим Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Вы – преемники героической славы. Ваш высокий профессионализм, верность

долгу и негибаемая воля являются надежным щитом безопасности и суверенитета нашей страны. Под руководством Президента страны – Верховного Главнокомандующего Вооруженными Силами Республики Казахстан Касым-Жомарта Кемелевича Токаева армия Казахстана укрепляет оборонный потенциал государства, демонстрирует высокий уровень боевой выучки и оперативной готовности, достойно представляет страну на международной арене. Участие в миротворческих операциях, международных учениях и двусторонних партнерствах подтверждает растущий авторитет казахстанских Вооруженных Сил. Сегодня поступают новые образцы вооружения и военной техники, внедряются современные технологии, новые стандарты подготовки и управления. Особое внимание уделяется укреплению со-

циальной защиты военнослужащих, активно реализуются программы военно-патриотического воспитания молодежи, формирующие чувство гордости за армию и готовность служить Родине. Каждый военнослужащий, будь то на посту, на полигоне, в небе или на море, – наша гордость. Вы не только охраняете мирный труд казахстанцев, но и явля-

етесь примером силы духа, дисциплины и беззаветного служения Отечеству.

## Дорогие ветераны!

Ваш ратный путь – священное наследие для всех поколений казахстанцев. Мы преклоняемся перед вашими заслугами и благодарим за тот великий мир, который вы отстояли ценой невосполнимых утрат. Отмечая эти знаменательные даты, выражаю искреннюю признательность всем, кто стоит на страже безопасности Республики Казахстан, кто укрепляет обороноспособность государства, кто своим трудом и службой вносит вклад в укрепление мира и стабильности. Желаю всем военнослужащим, ветеранам войны и Вооруженных Сил, гражданам нашей страны крепкого здоровья, благополучия и мирного неба над головой.

**Құрметпен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі генерал-полковник Р. ЖАҚСЫЛЫҚОВ**







# ӘСКЕРИ ПАРАДТЫҢ

## ӘЛЕМІ әрбіріміздің жүрегімізді толқытқаны анық

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы биыл біздің елімізде ерекше ұлықталды. Жетінші мамырда, яғни, Отан қорғаушылар күнінде осыдан 80 жыл бұрын Жеңіс туын желбіреткен батыр аталарымыз мен аналарымызға айрықша құрмет көрсетілді. Әскери парадпен әспеттелген бұл игі шара бас қаламыз Астананың «Қазақ елі» монументіндегі алаңда өтті.

Әлем тарихында ең сұрапыл соғыстардың бірі саналатын Екінші дүниежүзілік соғыс біздің еліміздің де қабырғасын қайыстырып кеткені анық. 1941-1945 жылдардағы бұл соғысқа 1 млн. 200 мыңнан аса отандасымыз қатысқан екен. Демек, сол кездегі халық санағымен есептегенде, республиканың әрбір төртінші тұрғыны әскер қатарына шақырылды деген сөз.

Енді мына бір жайтқа қараңыз, Кеңес Одағы алғаш құрыла бастаған уақытта «ақтар» мен «қызылдардың» қасақана езгісін көрген, одан кейін қолдан жасалған аштықтың азабын тартқан, ол жетпегендей қуғын-сүргінмен құрбандыққа шалынған қаймана қазақ еңсесі әбден түскен күйде Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып еді. Алайда, Отанды қорғау жолында олардың рухы әсте түскен жоқ. Ерліктің ерен үлгісін көрсете алды. Мәселен, соғыс кезінде берілген «Кеңес Одағының батыры» деген атақты 500-ден аса отандасымыз алған екен. Мұның сыртында осы бір атаққа ұсынылып, әртүрлі себеппен ала алмай қалғандары да қаншама?! Мәскеу түбіндегі шешуші шайқаста көзсіз ерлікке барған Бауыржан Момышұлы атамыздың өзі әлгі атақтан ада қалған ғой.

Қазақ елі тек майдан даласында ғана емес, тылда да тынымсыз тіршілігімен Жеңіске үлкен үлес қосты. Тапқан-таянғанының түгелге жуығын майдан даласына жіберіп отырды. Осы жағынан алғанда, оларды да Отанымызды риясыз қорғағандардың қатарына жатқызуға әбден болады. Азық-түлік пен киім-кешектен бөлек, соғыс қимылдарына қажетті оқ-дәріге дейін қамтамасыз еткенін қалай ұмытамыз. Мәселен, майдан даласында атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылған.

Осылайша айта берсек, аталарымыз мен аналарымыздың ерен ерлігіне қатысты айғақтар жетіп артылады. Ендеше, олар қандай құрметке болсын лайықты. Жетінші мамырда Астанада өткен Әскери парад та солардың құрметіне арналды. Ендеше, ел болып тамашалаған сол бір Әскери парадтан алған әсерімізді біз де оқырманмен бөлісейік.





Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған Әскери парад «Тарихи» және «Заманауи» деп екіге бөлінген. Біріншісінде аға буын батырларымыздың ерлігіне құрмет көрсетілсе, екінші бөлігінде Тәуелсіз Қазақстан армиясының бүгінгі таңдағы айбыны айшықталды.

Әскери парадқа Қазақстан Республикасының Президенті – Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев пен елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам мырза да қатысты.

Бұл парадқа Қазақстан Қарулы Күштерінің барлық түрлерінен 4 мыңнан аса әскери қызметші жұмылдырылды. Сонымен қатар, 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66 әскери авиация ұшағы мен тікұшағы көрсетілді. Оның ішінде, бұған дейінгі парадтарда болмаған зенитті зымыран кешендері, роботтың көмегімен жүретін су жаңа әскери техника да бар.



Ал енді аталмыш Әскери парадтың әлеміне тереңдеп бойлайық.

#### АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

Әскери парадты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас

қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев басқарды. Ол мемлекетке сіңірген еңбегі үшін II дәрежелі «Айбын» және II дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталған.

Алдымен алаңға Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің тобы

Мемлекеттік туды алып келді. Оны сержант Асхат Мақсатұлы ұстап келсе, топ Айбын «Президенттік полкі» Құрмет қарауыл бастығы, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, подполковник Қайрат Молдабаевтың жетегіне ерді.

Мемлекеттік тумен







бірге алаңда Жеңіс туы да желбіреді. Бұл – осыдан 80 жыл бұрын әйгілі отандасымыз Рақымжан Қошқарбаев пен оның майдандасы Григорий Булатов Рейхстаг ғимаратына алғашқы болып тіккен тудың ресми көшірмесі. Тудың бетінде «II дәрежелі Кутузов орденінің иегері 150-ші атқыштар дивизиясы» деген сөздер бар. Бұл дивизия соғыс басталғанда Қостанайдан жасақталып, майданға

аттанған 151-ші бригаданың негізінде құрылған. Осылайша соғыс кезіндегі жауынгерлік жалау айбынды Жеңіс туына айналған.

Жеңіс туын Мемлекеттік күзет қызметінің «Айбын» Президенттік полкі Құрмет қарауыл ротасының бөлімше командирі, сержант Сайлау Саят ұстап келді. Сапты аға лейтенант Рүстембек Әлкеев басқарды.

Мемлекеттік ту мен Жеңіс

туы сән-салтанатпен көпшілікке көрсетілгеннен кейін Парад қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаев саптағы әскерилердің назарын сол жаққа қарай бұрып, бас алаңның орта тұсына қарай көлікпен аяңдаған Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовқа бұрды. Бұдан кейін Министр мен Қолбасшы мінген көліктердің қарама-қарсы

бағытта жүрген сәті көз тартар көрініске айналды. Ал қос көлік жанамалап түйіскен кезде генерал-майор Мереке Көшекбаев «Қорғаныс министрі мырза! Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскерлері Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған Парадқа сапқа тұрғызылды» деп баяндап, Министрмен бірге парадқа қатысушыларды қарсы алу үшін оң қапталға бағыт алды. Бұл кезде сапта Қорғаныс, Ішкі істер және Төтенше жағдайлар министрліктерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің шеруге қатысуға іріктелген топтары сақадай сай тұрған болатын. Министр солардың әрқайсысына барып, алдымен «Армысыңдар, айбынды сарбаздар!» деп амандасты да, ізін ала Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады. Бұдан соң генерал-полковник Руслан Жақсылықов Жоғарғы Бас қолбасшыға парадтың дайындығы туралы баяндау үшін трибунаға қарай бет алды. Министр тарапынан «Жоғарғы Бас қолбасшы мырза! Әскерлер парадқа дайын»







деп баяндалған соң Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сөз алды:

– Құрметті, отандастар!

Сардарлар мен сарбаздар!  
Аса қадірлі ардагерлер!

Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл.  
Баршаңызға Ұлы Жеңіс күні  
құтты болсын!

Бұл мейрам –  
халқымыздың жауынгерлік  
рухының символы. Біз елдік  
үшін күрескен бабаларды  
ұлықтаймыз, Отан қорғау  
жолында опат болған  
боздақтарға тағзым етеміз.  
Бейбіт күнді қырағы күзетіп  
тұрған сарбаздарға құрмет  
көрсетеміз.

Ұлы Отан соғысы бүкіл  
адамзат үшін өте қиын  
сынақ болды. Оның зардабы  
көптеген елге ауыр тиді.  
Солардың ішінде Қазақстан  
да бар. Қаһарлы күндер  
соғыстың тек қасірет  
әкелетінін көрсетті.  
Бейбітшіліктің баға жетпес  
байлық екенін ұғындырды.  
Ұлы Жеңіс – тарихымыздың  
ажырамас бөлігі. Және күллі  
әлем үшін үлкен сабақ. Біз  
осы ақиқатты әрдайым  
есте сақтауымыз керек.  
Зұлмат кезеңді бастан  
өткерген майдангерлер қазір  
ортамызда отыр.



Құрметті, ардагерлер!

Барша халықтың атынан  
Сіздерге шын жүректен  
алғыс айтамын. Аға буынның  
өшпес ерлігі – ұрпаққа  
ұлағат. Отаншылдығы мен  
жанқиярлығы үлгі-өнеге.  
Біз Ұлы Отан соғысының  
ардагерлерін ешқашан  
ұмытпаймыз. Баршаңызға  
бас иеміз.

Халқымыз Ұлы Жеңіске  
өлшеусіз үлес қосты.  
Даңқты ұл-қыздарымыз  
ерліктің озық үлгісін  
көрсетті. Қазақтың



жаужүрек ұлт екенін паш  
етті. 500-ден астам  
жауынгеріміз Кеңес  
Одағының батыры атанды.  
Талғат Бигелдинов, Сергей  
Луганский, Сағадат  
Нұрмағамбетов, Иван  
Панфилов, Бауыржан  
Момышұлы, Нүркен Әбдіров,  
Мәлік Ғабдуллин, Сабыр  
Рахимов, Мәншүк Мәметова,  
Әлия Молдағұлова,  
Рахымжан Қошқарбаев, Хиуаз  
Доспанова және басқа да  
көптеген қаһармандарымыз  
өшпес із қалдырды.

Тыл еңбеккерлері соғыс  
жылдары жанкештілік пен  
табандылық танытты.  
Қазақстаннан майданға





1,5 мың вагон киім-кешек пен азық-түлік жіберілді. Елімізге жүздеген кәсіпорын көшірілді. Көптеген жаңа өндіріс салынды. Олар өте қысқа мерзім ішінде майданға қажет өнімдер шығара бастады. Жұртымыз жұдырықтай жұмылып, күні-түні жұмыс істеп, қару-жарақ пен оқ-дәрі дайындады. Әскери киім тікті. Соғыстағы 10 оқтың 9-ы Қазақстанда жасалды.

Ұлы Жеңісті ұлықтау дегеніміз – ең алдымен ержүрек батырларымызды жадымызда мәңгі сақтау деген сөз. Олардың ерлігі мен еңбегін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Біз Жеңістің 80 жылдығын атап өтуге баса назар аудардық. Еліміз бойынша мыңдаған ауқымы кең іс-шара өткізіліп жатыр. 500-ге жуық көшеге Қазақстан қаһармандарының есімі берілетін болды. Елімізде «Батырларға тағзым» атты шеру өтеді.

Қазақ халқы – бейбіт

халық. «Жаным – арымның садағасы» деген өр намысты, айбарлы ел. Жұртымыздың ерлік дәстүрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келеді. Алтын орда, Қазақ хандығы кезіндегі баһадүр бабаларымыз кең байтақ жерімізді қорғап, кейінгі буынға аманат етті. Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – Тәуелсіздігіміздің қорғаны. Сарбаздарымыз елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғауда.

Қарулы Күштеріміз әлемдегі тұрақтылық пен келісімді сақтауға үлес қосып келеді. Жауынгерлеріміз БҰҰ-ның бітімгершілік миссиясына ойдағыдай қатысуда. Бұл – бүкіл әлемдегі Қазақстан армиясына деген зор сенім. Еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – аса маңызды міндет. Біз Қарулы Күштерімізді жаңғырта бастадық. Армиямызды

күшейту үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Осы өте маңызды мәселе бойынша Парламент заң қабылдады. Мемлекет әскери қызметшілерге арнаулы мекемелер мен арнаулы азаматтық қорғаныс саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетеді.

Армиямыздың күш-қуаты жауынгерлік рух пен темірдей тәртіпке тікелей байланысты. Сіздердің мінсіз қызметтеріңіз – елдегі қауіпсіздік пен тыныштық кепілі. Біз озық ойлы ұлт ретінде заң мен тәртіпті бәрінен биік қоятын болдық. Әр азаматтың бойында Отанға деген адалдық пен әділдік болуға тиіс.

**Құрметті, сарбаздар!**

Ел қорғау – абыройлы міндет және зор жауапкершілік. Бұл – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздермен бірге барша азаматтарымыз әділетті, қуатты, қауіпсіз және таза Қазақстанды құрып жатыр. Осы тарихи

**жұмысымыз табысты болсын.**

**Рухымыз мықты, мемлекеттігіміз мәңгі болсын!**

**Көк туымыз биікте желбіресін! Ура!**

Жоғарғы Бас қолбасшының халыққа арнаған мерекелік лебізінен кейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимні ойналып, оның соңы Әскери парадтың шеруіне жалғасты.

Шеруді Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы елордалық Әскери колледждің барабаншы кадеттер ротасы бастады. Қарулы Күштердің кіші командалық құрамын дайындайтын бұл колледжде кадеттер мен ұландар әскери саладағы техникалық кәсіптік білім алады. Қазіргі уақытта колледжде 341 кадет пен ұлан оқып жүр.





## «ТАРИХИ» БӨЛІМНІҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Бұдан соң көпшілік шерудің тарихи бөлімін тамашалады. Трибунаға **«Шпагин» және «Максим» пулеметтерімен** қаруланған солдаттар жақындап келді. Соғыс жылдары ержүрек жауынгерлердің қолындағы негізгі қару осы болатын. Парадтағы бұл лекті «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері **генерал-майор Ержан Ибраев** басқарып келді.

Сондай-ақ, трибуна алдынан қазақтың батыр қыздары Мәншүк Мәметова, Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлованың ерліктерін еске салатын әскери сап өтті. Үш қатар сапта – Мәншүк, Хиуаз бен Әлиялардың бүгінгі ізбасарлары болды. Шерудің бұл тобын «Шығыс» өңірлік әскерлерінің қолбасшысы, генерал-майор Жеңіс Маралов басқарып келді.

## ҚАЗАҚ ӘСКЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ БЕЙНЕСІ

Парадтың екінші «Заманауи» бөлімінде алдымен **Құрлық әскерлері бас қолбасшысы басқармасы**

**офицерлерінің парадтық тобы** салтанатты шеп құрып келді.

Құрлық әскерлері – Қазақстан Қарулы Күштерінің саны жағынан ең көп түрі. Қару-жарақ пен жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу тәсілдері бойынша көпқырлы әскер саналады. Құрлық әскерлерінің әрбір сарбазы Отан қорғаушы атағын мақтанышпен және абыроймен алып жүр. Олар әскери антқа адал және Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесі үшін қиын да күрделі тапсырмаларды орындауға әрқашан дайын. Олардың батылдығы, төзімділігі мен кәсібилігі жас ұрпаққа өнеге болуға лайық.

Сапты бас штаб бастығы – Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының бірінші орынбасары **генерал-майор Қуанышбек Үштаев** басқарып келді. Ол II дәрежелі «Даңқ» ордені және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Келесі лек – **Әуе қорғанысы күштері бас қолбасшысы басқармасының парадтық тобы**. Әуе қорғанысы күштері Отанымыздың әуе шептерін қорғауға, яғни, аспанымыздың үнемі ашық болуына жауапты. Соңғы үлгідегі заманауи

құралдармен жарақталған Әуе қорғанысы күштері – еліміздегі бейбітшілік пен тыныштықтың кепілі.

Саптық салтанатты жоғары дәрежелі офицерлер жалғастырды. Олардың көбісі – **Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштері Әскери институтының түлектері**. Үздік ұшқыштар



кез келген жағдайда әуедегі іс-қимылдарға дайын. Биыл Әскери әуе күштерінің ұшқыштары бітімгершілік миссиясын орындау аймағына А-400 заманауи жаңа ұшағымен 300-ге жуық әскери қызметшіні және алты тонна әскери мүлікті жеткізді.

Сапты Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қолбасшысы **генерал-майор**

**Қайрат Даутов** алып жүрді. Ол – «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің иегері.

Орталық алаңда – **Әскери-теңіз күштерінің парадтық тобы**. Жауынгер-теңізшілер елдің теңіз шекарасын кірпік қақпай күзетеді.

Офицерлер, старшиналар мен матростар Каспий теңізіндегі оқу-жаттығуларда шеберлік көрсетіп келеді.

Каспий маңы елдерінің кемелерімен бірлесіп өткізген оқу-жаттығуларға қатысып жүр.

Әскери теңізшілер талай мәрте Мәрмәр, Қара, Азов және Каспий теңізі, Босфор, Керчен бұғаздарын, Дон, Еділ өзендерін, Цимлян су қоймасын кесіп өтті. Мәрмәр теңізі мен Каспий теңізі аралығындағы үш мың мильден асатын қашықтықты бағындыру кезінде өздерінің нағыз теңіз тарландары екенін дәлелдеді.

Парад легін Әскери-теңіз күштерінің бас қолбасшысы **вице-адмирал Серік Борамбаев** бастап келді. Ол – II дәрежелі «Айбын», II дәрежелі «Даңқ» ордендерінің иегері.

Бұдан кейін **Арнайы операциялар күштерінің бөлімшелеріне** кезек келді. Олар күндіз-түні кез келген жағдайда қарсыласын ойсыратып, тойтарыс беруге дайын.

Арнайы операциялар







күштерінің әскери қызметшілері қатаң іріктеуден өтеді. Олардың әрбірі темірдей төзім мен ұстамдылыққа ие. Бұл бөлімшелер төтенше жағдай кезінде аса қиын тапсырмаларды орындауға дайындалған. Әрбір жауынгер – батылдықтың, ерлік пен қайсарлықтың үлгісі.

Бұл бөлімшелер үнемі жауынгерлік даярлыққа қатысып, шеберліктерін шыңдап отырады. Олар БҰҰ аясындағы бітімгершілік миссияларына да қатысып жүр.

Парадтық тобын арнайы операциялар күштерінің қолбасшысы **полковник Айдос Мырзахметов** басқарып келді. Ол – II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері.

Қарулы Күштердің элитасы – **Қазақстан Республикасы Десанттық-шабуылдау әскерлерінің парадтық тобы** алаң ортасынан табылды.

Бұл әскер Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысының резерві саналады. Түрлі әскери шиеленістерде қысқа

мерзімдік жауынгерлік тапсырмалар орындайды. Десанттық-шабуылдау әскерлері – табандылық пен батылдықтың символы. Олар кез келген уақытта іс-қимылға, ең күрделі тапсырмаларды орындауға әзір.

Топты Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы **генерал-майор Алмаз Жумаев** бастап келді. Ол II дәрежелі «Айбын», I және II дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталған.

Келесі кезекте салтанатты сапты **Теңіз жаяу әскерінің ротасы** түзеді. Олар – қатаң дайындықтан өткен, темірдей төзімді, Отанына адал, сенімі нық әскери қызметшілер. Теңіз жаяу әскерлерінің киім үлгісі мен жабдықтары қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сай. Әрі Қазақстанның әскери өнеркәсібі саласындағы жетістігін көрсетеді.

Парадтық сапты «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы **генерал-майор Бауыржан Артықов** жүргізді. Мемлекетке сіңірген еңбегі үшін II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталған.

Алаңда **Қазақстан Қарулы Күштері Әскери полициясының парадтық тобы**. Бұл – техниканың соңғы үлгілерімен, автономды байланыс пен басқарудың бірыңғай жүйесімен жарақтанған әскери бөлімшелер.

Сапты Әскери полиция бас басқармасы бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы **полковник Ерік Бакирбаев** жүргізді. Ол II дәрежелі «Айбын» орденімен және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Парадты **Ұлттық контингенттің құрама бітімгершілік ротасы** жалғастырады. Бұл рота Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметіне өз үлесін қосып келеді. 80 азамат байқаушы және штаб офицері ретінде бірнеше миссияға атсалысып, 700-ге жуық әскери қызметші БҰҰ-ның арнайы операцияларына қатысқан. Бұл бөлімшелерде жауынгер

арулар да бар.

Парадтық сапты Бітімгершілік операциялары орталығының басқарма бастығы **подполковник Жігер Аипов** басқарды. Ол I және II дәрежелі «Айбын» ордендерімен және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Трибуна алдында **Әскердегі жауынгер арулардың парадтық тобы** да сап түзеп келді. Олар қазақ халқының даңқты қыздарының қаһармандық дәстүрін абыроймен жалғап келеді.

Әскердегі арулар психолог, медицина қызметкері, мерген, байланысшы, теңізші және басқа да мамандықтарды жетік меңгерген. Қарулы Күштер әскерлерінің барлық түрлері мен құрамдарында әскери қызмет өткереді.

Парадтық топты Құрлық әскерлерінің тәрбиеші-офицері **капитан Зульфия Шамшиева** басқарды.

**Аумақтық қорғаныс бригадалары** да алаңнан табылды. Олардың қатарында жауынгерлік машықтанған және отаншылдық рухы бар жауынгерлер қызмет атқарады.

Аумақтық әскерлер бригадаларын даярлауға Құрлық әскерлерінің бөлімдері және басқа да әскери құрылымдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелері бірге атсалысады.

Парадтық топты Астана өңірлік өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы **полковник Максұт Гусейнов** басқарып келді.

Парадты **Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университеті офицерлерінің ротасы** жалғастырды.

Ұлттық қорғаныс университеті – Орталық Азия өңіріндегі әскери оқу орындары арасында жетекші оқу ордасы. Қазақстан Қарулы Күштеріне, сонымен





қатар Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарт ұйымына мүше мемлекеттердің армиясы үшін офицерлер дайындайды.

Парадтық топқа Ұлттық қорғаныс университетінің басшысы **генерал-майор Асқар Мұстабеков** жетекшілік етті. Ол II дәрежелі «Даңқ» орденінің және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің иегері.

**Құрлық әскерлері Әскери институтының курсанттар ротасы** да саптық салтанатын паш етті.

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының тарихы 1970 жылдан басталады. Бұл – елдегі мотоатқыштар мен танк бөлімшелері үшін кадрлар дайындайтын бірден-бір орталық.

Құрлық әскерлерінің Әскери институтын бітіріп шыққан жас офицерлер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде абыроймен әскери қызмет атқарып жүр.

Курсанттар қатарын институт бастығы **генерал-майор Бауыржан Ибатуллин** бастап келді. Ол – «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалінің иегері.

Алаңда **Талғат Бигелдинов** атындағы **Әуе қорғанысы әскери институтының курсанттары**. Олар – әскери оқудың ыстық-суығына төзген, күндіз-түні талмай біліктілігін жетілдіріп жүрген сарбаздар. Әуе қорғанысының теория мен практика негіздерін жетік меңгеріп, заманауи озық техникамен жұмыс істеуге машықтанған. Жас сарбаздар әуе кеңістігімізді қорғау мен күзетуде ең қиын тапсырмаларды орындауға дайын.

Сапты институт бастығы **1-сыныпты ұшқыш полковник Тимур Еспағамбетов** бастап келді. Ол – II дәрежелі «Айбын»

орденінің иегері.

Шеруді **Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының сап түзеген курсанттары** жалғастырды.

Бұл – Орталық Азиядағы әуе шабуылына қарсы



қорғаныс, байланыс және радиоэлектрондық күрес әскерлерін даярлайтын бірегей әскери оқу ордасы. Әскери институт байланыс, зенитті зымыран және радиотехника әскерлері, әскери авиацияны радиотехникалық қамтамасыз ету бөлімдері үшін білікті басшылық құрам даярлайды. Институтта Ұжымдық

қауіпсіздік туралы келісімшарт ұйымына қатысушы елдердің әскери қызметшілері де оқиды.

Парадтық есептопты институт бастығы **генерал-майор Нұртас Қабақов** басқарады. Ол – II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері.

**Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледждің парадтық тобы** да саптық салтанат құрды. Бұл – Отан қорғаушылардың жаңа буынын тәрбиелейтін оқу орны. Кәсіби сержант кадрларды дайындайтын Кадет корпусы 1996 жылы құрылған.

Парад легін әскери колледждің басшысы

полковник Айбек Габдрахов бастап келді. Ол «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Трибунаның алдынан **Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанттар ротасы** да өтті. Бұл оқу орны Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары мен басқа да күштік құрылымдардың бөлімшелері үшін офицерлер дайындайды. Академия түлектері Тәуелсіз Қазақстанның шекарасын күзетіп, Отан алдындағы өз міндетін абыроймен атқарып жүр.

Парадтық есептопты Шекара академиясының бастығы **генерал-майор Павел Поливанов** басқарып келді.

Келесі кезек **Ұлттық ұланның парадтық тобына** келді. Елордалық бригада жауынгерлері полициямен бірге қала көшелерінде азаматтарымыздың тыныштығын күзетеді, ірі халықаралық, қоғамдық-саяси және спорттық іс-шаралар кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Парадтық сапты Ұлттық







ұлан Бас қолбасшысының орынбасары **генерал-майор Бауыржан Абжанов** бастап келді. Ол II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған.

Ендігі кезекте **Ұлттық ұланның арнайы мақсаттағы «Бүркіт» ротасы** салтанатты сап түзеп келді.

Арнайы күштердің жауынгерлері қарулы қылмыскерлерді құрықтау және есірткі қылмысына қарсы күрес бойынша арнайы операцияларға тұрақты түрде қатысады. Жауынгерлік міндеттерді орындауда танытқан батылдығы мен ерлігі үшін олардың көпшілігі мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Парадтық есептопты орталық бастығы **полковник Константин Қуатов** басқарды. Ол – күрең берет пен II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері.

Парадты Ішкі істер министрлігінің **Жылдам қимылдайтын арнайы жасағы** жалғастырды.

Ішкі істер органдарының арнайы мақсаттағы бөлімшелері аса күрделі тапсырмаларды орындап, экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асырады, жалпы ел аумағындағы іс-шаралар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Парадтық топты Ішкі істер министрлігі Арнайы және жұмылдыру даярлығы департаментінің бастығы, полиция **генерал-майоры Сабыр Жүсіпбеков** басқарды. Ол – II дәрежелі «Даңқ» орденінің және «Ерлігі үшін» медалінің иегері.

Салтанатты шеру сапына **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің парадтық тобы** да қосылды.

Төтенше жағдайлар министрлігінің әскери қызметшілері –



ПАРАДТЫҢ ЖАЯУ ӘСКЕР ЛЕГІНЕН КЕЙІН МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН ЛЕКТИҢ ӨТУІ ЕЛ НАЗАРЫНА ҰСЫНЫЛДЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАН АРМИЯСЫ ҚАЛЫПТАСУ МЕН ДАМУДЫҢ КҮРДЕЛІ КЕЗЕҢІНЕН ӨТТІ. АЛ ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ ҚАЛЫПТАСТЫ. КӘСІБИЛІГІ ЖОҒАРЫ, МОБИЛЬДІ, ЗАМАНАУИ ҚАРУ-ЖАРАҚПЕН ЖӘНЕ ТЕХНИКАМЕН ЖАБДЫҚТАЛҒАН ҰЛТТЫҚ АРМИЯ ҚҰРЫЛДЫ. БҰҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДТЫ ТАМАШАЛАҒАН КӨПШІЛІК ТЕ КҮӘ БОЛҒАНЫ АНЫҚ.



азаматтарымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігін күзететін, тұрғындарға кез келген уақытта көмекке келетін атпал азаматтар. Олардың әрбірі – батылдық, жанкештілік пен кәсібиліктің үлгісі.

Шепті Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің төрағасы **генерал-майор Арман Калиев** бастап келді.

Парадтың жаяу әскер лектерін **Мемлекеттік күзет қызметі ротасы** аяқтады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі – таңдаулы және аса беделді әскери құрылым.

Мемлекеттік күзет қызметінің парадтық топ құрамына өз ісіне және Отанына шын берілген үздіктер іріктелген. Бұл рота мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Олар – мықты ерік-жігер, адалдық пен өз миссиясын мінсіз орындаудың үлгісі.

Парадтық есептопты Ұлттық қорғаныс университетінің үздік түлегі «Айбын» президенттік полкінің командирі **полковник Ерлан Гайса** басқарып келді. Ол II дәрежелі Айбын орденінің және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

## ТАРИХИ ӘСКЕРИ ТЕХНИКА ҮЛГІЛЕРІ

Әуелі Жеңіс жолында армияның негізгі қаруы болған соғыс техникасы ел назарына ұсынылды.

Соғыс кезінде ең көп шығарылған, аса танымал болған танк – **«Т-34»**

**танкі.** Одан соң – **«ЗИС-2»** зеңбіректері мен **«М-30» гаубицалары.**

Аты аңызға айналған **«Т-34» танкі** – Мәскеу түбіндегі шайқастағы 316-шы атқыштар дивизиясының аңызға айналған қаһармандығының белгісі.

Жауынгерлік техника «Қазақстан Инжиниринг» акционерлік қоғамының кәсіпорнында жөнделіп, қалпына келтірілген.

Орталық алаңнан **122 миллиметрлі «М-30» шынжыр табан** тіркелген **«Зил-157» техникасы** да өтті. «М-30» 1930 жылдары жасалып, Кеңес армиясының жеңіске жетуіне көп септігі тиген артиллериялық қару болды.

«М-30» сол кездің өзінде 14 шақырымға дейін оқ атуға мүмкіндік беріп, қарсыластың күшейтілген позицияларына соққы беруге және оған қарсы шабуыл жасауға жол ашқан.

Тарихи әскери техника легін аты аңызға айналған, халық арасында «Катюша» деп атанып кеткен әйгілі **«БМ-13»** реактивті құрылғысы аяқтады. Оның бірегейлігі – тұтқиылдан шабуыл жасап, лезде жойқын соққы беруге қабілетті.

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАРУ-ЖАРАҚ

Салтанатты шеруді **Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери техникасы** жалғастырды.

Заманауи техниканың ең алдында Қазақстанның Құрлық әскерлері, Әуе қорғанысы күштері мен Әскери-теңіз





күштерінің тулары желбіреген төрт бірдей **«Арлан» броньдалған машиналары** жүріп өтті.

Бұл техника Қазақстанда өндірілген. Құрлық әскерлерінің жалпыәскери бөлімшелері мен арнайы мақсаттағы бөлімшелер есебінде тұр. Броньдалған

мен десанттық бөлімшелердің ең сенімді қалқаны. Құрлық әскерлерінің негізгі қару-жарағы.

**БТР-82А** экипажы 3 адамнан тұрады, десанттық бөлім 8 жауынгерге арналған. Жауынгерлік машинаның бұрынғы түрлерінен ерекшелігі – көп сынаққа



«Арланның» беріктігі мен әмбебаптығы халықаралық деңгейде мойындалған.

Алаңда – **Құрлық әскерлерінің жауынгерлік бөлімшелері танк ротасының тактикалық тобы.**

**Т-72 танкі** – Құрлық әскерлері құрамаларының негізгі жауынгерлік техникасы. Машиналар «Қазақстан Инжиниринг» кәсіпорнында толық жаңартудан өткен. Олар тәуліктің кез келген уақытында нысаналарды зақымдау құралдарын тиімді қолдануды қамтамасыз ететін, атысты басқарудың заманауи жүйесімен жабдықталған. Т-72-ге жаңа байланыс құралдары, қазіргі заманғы зақымдау құралдарынан қорғаныс құралдары орнатылған.

Жауынгерлік бөлімшелер легінде – **жаяу әскердің жауынгерлік машиналарын жүргізіп келе жатқан роталық мотоатқыштар тактикалық тобы.** Ұрыс даласында жаяу әскердің жауынгерлік машиналары – мотоатқыштар

төтеп беретіндігі, өтімділігі, сенімділігі және пайдалану ресурсының жоғары болуы. Судан оңай өтеді. Жаңа БТР-82А барлау мүмкіндіктерін жақсартты. Сарапшылардың қорытындысы бойынша, БТР-82А-ның жауынгерлік тиімділік коэффициенті БТР-80-мен салыстырғанда екі есеге артқан.

Қазір Құрлық әскерлерінің бөлімдері бұрынғы осыған ұқсас техникалардан асып түсетін БТР-82А броньды транспортерлерімен жарақтандырылу үстінде.

Парадтағы көпшілік **122 мм Д-30 гаубица** легін де тамашалады. Ол Орал-4320 жоғары өтімді автомобильдеріне тіркелген. Гаубица атыс құралдарын, артиллерия мен минаатқыш батареяларын жоюға және бекіністі далалық құрылыстарды бұзуға арналған. Бұл – артиллериялық бөлімшелер Құрлық әскерлерінің механикаландырылған, десанттық-шабуылдау және танк бригадаларының

артиллериялық бөлімшелерінің сапында.

Жұрт назарына **8-де 8 дөңгелекті КамАЗ жол талғамайтын автомобильдерге тіркелген 152 мм-лік «Мста-Б» гаубицасы** да ұсынылды.

Гаубица артиллериялық және минаатқыш батареяларын, танктерді және басқа броньдалған құралдарды жоюға, далалық бекіністер мен басқа да қорғаныс құралдарын бұзуға арналған. Гаубицаның ату қашықтығы 28 шақырымнан асады. Минутына 6-8 оқ ата алады. Бір минут ішінде бір қарудан 5-6 оқ ату мүмкіндігі бар. Оқ-дәрі жиынтығы – 60 снаряд. Қарудың салмағы – 10 тонна. Гаубицаны кез келген ауа райында және күрделі жағдайларда қолдануға болады.

Өздігінен жүретін артиллериялық **«Акация»** қондырғыларының ерекшелігі – олардың икемділігі. Олар қысқа уақыт ішінде атыс позицияларын өзгерте отырып, атыс тапсырмаларын орындауға қабілетті. Әскери машинаның салмағы – 27



тонна. Атқан оғы 17 шақырым қашықтықтан асады. 60 снаряды бар.

Парадты **240 мм-лік өздігінен жүретін «Тюльпан» минаатқышы** жалғастырды. Бұл – қуатты фортификациялық құрылыстар артында жасырылған қарсыластың командалық пункттері мен техникасын

жоюға арналған ең қуатты минаатқыш жүйелерінің бірі.

**«Тюльпан»** қарапайым миналармен қатар, түзетілген миналармен оқ ата алады. Оның ату қашықтығы 18 шақырымға жетеді, ал минаның салмағы 130 килограмнан асады. Бұл миналардың әрқайсысы қалыңдығы 3 метрге жететін бетонды жара алады.

Келесі кезек **122 мм-лік «Прима» дүркіндете оқ ату реактивті жүйелерінің жауынгерлік машиналарына** берілді. Бұл – Құрлық әскерлерінің атыс күшін ұлғайтуға арналған заманауи артиллериялық кешен.

**«Прима»** – 20 шақырымнан асатын қашықтықтағы нысанаға дөп тиетін, 50 бағыттаушыдан тұратын жүйе. Ол 30 секунд ішінде дүркіндете атады.

Жол таңдамайтын **«Орал-4320» автокөлігі** арқылы «Приманың» ұтқырлығы арта түседі. Бұл атыс позицияларын тез өзгертуге және әртүрлі жағдайларда тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Қысылтаянда жауынгерлік іс-қимылдар жүргізуге

арналған **«Ураган»** – ұтқырлығы жоғары әрі жойқын әскери техника. Ол 20 секундтан аз уақыт ішінде жойқын соққы жасауға мүмкіндік беретін 16 бағыттағышпен жабдықталған. Бұл машинадан атылған реактивті снарядтар бірнеше футбол алаңындай аумақты қамтып, 35 шақырымға дейінгі





нысандарға соққы береді.

Атысты автоматты басқару жүйесінің арқасында «Ураган» экипажы қаруды нысанаға тез бағыттап, жоғары дәлдікпен соққы бере алады.

Алаңда **300 мм-лік «Смерч» жауынгерлік машинасы** да жүріп келді. Ол бір мезеттегі атыс жүйесі арқылы көздеген нысананы асқан дәлдікпен жоюға арналған. 12 бағыттаушы бір атқанда оғы 67 гектарды қамтиды. Нысанаға дәл тигізу диапазоны 90 шақырымға дейін жетеді. «Смерчті» ұрысқа дайындауға үш-ақ минут кетеді. Ал толық артиллериялық соққы 38 секундта орындалады. Атыстан кейін батарея дереу қозғалып, небәрі бір минуттың ішінде атыс аймағынан шығып кете алады.

**«Смерч» атыс жүйесі** – қуаты ерен, алысқа ұшатын әрі жойқын қару.

Алаңда **«Штурм-С» танкіге қарсы зымыран кешені** де жүріп өтті. Ол танктер мен сауытты нысандарды жоюға арналған. Бұл – дәлдігі жоғары қару саналады. Зымырандарының шапшаңдығы аса жоғары. Яғни, нысанаға көз ілеспес жылдамдықпен жетіп, қысқа уақытта көздеген нысанаға дөп тиеді.

Шеруді **«Стрела-10» зениттік-зымыран кешенінің батареясы** жалғастырды. Ол 5 шақырымға

дейінгі қашықтықтағы, биіктіктігі 3,5 шақырымға дейінгі әуе нысандарын құлата алады.

Кешен Құрлық әскерлері бөлімшелері мен бөлімдерін әуе шабуылының төмен ұшатын құралдарынан, яғни, ұшақ, тікұшақ, қанатты зымыран, ұшқышсыз ұшу аппараты шабуылынан қалқалауға арналған.

Кезек **Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің қару-жарағына** берілді.

Орталық трибуна алдынан әуе шабуылына қарсы астаналық қорғаныс бригадасының **С-300 ПС көпканалды зениттік-**

**зымырандық кешені** де өтті.

Келесі лекте орта қашықтықтағы **«Бук-М2Э» зениттік зымыран кешені** көпшілік көзайымына айналды. Ол қарқынды радио қарсыласу жағдайында әскерді, сондай-ақ, еліміздің нысандарын қорғауға арналған.

**«Бук-М2Э» зениттік зымыран кешені**

кез келген климаттық жағдайда әуе қорғанысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол 45 шақырымға дейінгі қашықтықтағы, 25 шақырымдық биіктіктегі әуе нысанын атып түсіруге қабілетті.

Ендігі кезекте – **«Тор-М2К» зениттік зымыран кешені.**

Ол әскер мен стратегиялық маңызды нысандарды әуе шабуылынан қорғауға арналған заманауи әуе қорғанысы жүйесі.

«Тор-М2К» доңғалақты шассиді пайдаланудың арқасында жоғары ұтқырлыққа ие. Бұл кешен еліміздің кез келген әуе шабуылынан қорғаныс әлеуетін едәуір арттырады.

Жауынгерлік техника

легіндегі кезек **«Айбар» броньдалған дөңгелекті машиналарына** келді.

«Айбар» броньдалған доңғалақты машинасы заманауи ұрыс жағдайында кез келген ең күрделі жауынгерлік тапсырмаларды орындай алады. Машиналарға 12,7 мм-лік пулемет орнатылған.

Жауынгерлік машинаның негізгі міндеті – арнайы операциялар жүргізу, көлік колонналарын сүйемелдеу.

Экипаж құрамында – 3 бар, шабуылдаушы бөлімде – 4 адам.

Бұл – төтенше жағдайларда әрекет ете алатын мықты жауынгерлік жүйе.

Шеруді 12-де 7 мм-лік пулеметпен жабдықталған **Құрлық әскерлері мен арнайы бөлімшелерінің жоғары маневрлі жол талғамайтын көліктері**

жалғастырды. Бұлар – жоғары ұтқырлық пен атыс күшін қажет ететін әртүрлі жауынгерлік тапсырмаларды орындаудың тиімді құралы.

Трибунаға қарай **жол таңдамайтын көліктер тағы бір тобы** да келді.

Автомобильдерде барлау жүргізу құралдарының бірі







және ақпаратты жедел алуды қамтамасыз ететін күндіз-түні барлау жасауға қабілетті **«Скайларк» заманауи ұшқышсыз ұшақ жүйелері орнатылған.** Ол қолайсыз метеожағдайларға өте төзімді, заманауи оптикалық-электрондық жүйелермен жабдықталған.

Колоннаны КамаЗ автомобильдеріне тиелген **БЛ-790 және РИБ-7 катерлері** жалғастырды. Бұл катерлер Каспий теңізінің су айдынында қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, суда аса күрделі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Бұл қайықтар – жылдамдық, алапат күш пен

құпиялылықтың символы.

Экипаж кез келген жағдайда, су астында, суда және жағалауда тапсырма орындай алатын жоғары дайындықтағы жауынгерлерден құралған.

Арнайы операциялар күштерінің бөлімшелері Каспий теңізі акваториясында қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Көпшілікке тұңғыш рет отандық өнім – **роботпен басқарылатын экипажсыз «Самғау» катері де** таныстырылды.

Бұл Қорғаныс министрлігі Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы жасап шығарған. Жауынгерлік катер «Қазақстан Инжиниринг»

орталығының қашықтықтан басқарылатын жауынгерлік модулімен және «Қарақұс» квадрокоптерімен жабдықталған.

### **«Багги» – тау-тас, өзен-көлдерді оңай кесіп өте беретін жеңіл көліктер.**

Олар 7-де 62 мм-лік калибрлі пулеметпен, 30 мм калибрлі автоматты гранатометпен және танкіге қарсы зымыран кешенімен жабдықталған.

Бұл – дала, таулы және шөлді жерлерде тез өзгертін жағдайларда арнайы бөлімшелердің іс-

бұл оларды өрескел жолды жерлерде таптырмас етеді.

Аланда **«Баггилердің» ізін ала әскери квадроциклдер де** жүріп өтті. Олар арнайы бөлімшелердің жауынгерлік және барлау тапсырмаларын орындау кезінде маневрлік қабілетін қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Бұл квадроциклдер жолсызда жүре береді. Жеңіл салмақ пен жоғары жылдамдықтың арқасында олар позицияларды тез өзгертуге және патруль жасауға мүмкіндік береді.

Ең қиын жағдайларда



қимылын қамтамасыз ету үшін таптырмас көлік. Машиналар жоғары жылдамдықпен, ептілікпен және жылдамдықпен ерекшеленеді,

тактикалық тапсырмаларды орындауға арналған, **броньдалған «Арлан» жауынгерлік машинасы да** ел назарына ұсынылды. Аса қуатты машина қалада, далада, тау-таста, шөлде жүре береді. Экипажға сенімді қорғаныс пен тиімді атыс жүргізуге мүмкіндік беретін машина.

«Арланның» 8 кг-ға дейінгі жарылысқа төтеп бере алатын күшейтілген минаға қарсы қорғанысы бар.

Броньдалған машинада жоғары дәлдікпен атуға мүмкіндік беретін қашықтан басқарылатын жауынгерлік модуль орнатылған. Ірі калибрлі пулеметі және тәуліктің кез келген уақытында бақылауды қамтамасыз ететін заманауи бағыттау жүйесі бар.

Келесі кезекте – **«Террекс – Барыс-А» 8-де 8 броньдалған транспортері.**

Бұл машина – «Қазақстан Парамант Инжиниринг» және







сингапурлық «ST Engineering» компанияларының бірлескен инновациялық жобасы.

Шеруді **«Барыс» 8-де 8 қуатты және заманауи жауынгерлік машинасы** жалғастырды. Бұл – қазіргі армияның ұтқырлығының, қорғанысының және атыс күшінің символы! Озық технологиялармен жабдықталған бронетранспортер ең қиын жағдайларда қолдануға арналған.

«Барыс» ауыр калибрлі оқтар мен артиллериялық снарядтардың сынықтарына төтеп бере алатын күшейтілген броньды қорғанысқа ие. Минаға қарсы қосымша қорғанысы бар.

Жауынгерлік техника колоннасында – **әскери радиоэлектроника саласындағы тұңғыш отандық өнім – «Жасылтас» радиоэлектрондық тежеу кешені.**

2022 жылы кешен әскери сынақтан сәтті өтті, 2023 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қару-жарағына қабылданды.

«Жасылтас» кешені радио барлау және радиоэлектрондық тежеу

құралдарының кеңейтілген жеке диапазонына ие.

Бұл кешен ақпараттық кеңістіктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Шеруді **инженерлік әскерлердің арнайы техникасы** жалғастырды.

Сондай-ақ, **робототехникалық кешені бар арнайы минадан тазарту машинасы** да алаңнан табылды.

Мұндай техниканы қолдану минадан тазарту жылдамдығы мен қауіпсіздігін едәуір арттырады. Жарылғыш заттармен жұмыс істеу кезінде тәуекелдерді барынша азайтып, тапсырмалардың сәтті орындалуын қамтамасыз етеді.

Корпуста сапер жауынгерлері бар, олардың жұмысы өте дәлдікті, шыдамдылық пен батылдықты қажет етеді! Олар заманауи қорғаныс киімдерімен және барлау және минадан тазарту құралдарымен жабдықталған.

Келесі тізбекте – **ауыр механикаландырылған көпірлер тиеген машиналар легі.**

Бұл көпірлер соғыс немесе төтенше жағдайлар кезінде әскерлердің

әртүрлі кедергілерден өтуге пайдаланылады. Олар өзендер, сайлар және қираған жол учаскелері сияқты әртүрлі кедергілер арқылы уақытша көпір өткелдерін жылдам бағыттауға арналған.

Көпшілікке **КамАЗ автомобиль шассііне орнатылған понтон-көпір паркінің жаңартылған жиынтығы** да ұсынылды.

Бұл техника «Қазақстан Инжиниринг» Ұлттық компаниясының «811-ші автожөндеу зауытында» модернизациялаудан өтті.

Трибуна алдынан **радиоактивті, химиялық және биологиялық қорғаныс техникасы** да жүріп өтті. Колоннаның басында – Орталық Азия аймағында баламасы жоқ отандық өнім.

Бұл – **РАСТ-2KZ барлау және талдау станциясы.** Ол радиоактивті, химиялық және биологиялық қатерлерді талдау және болжау жұмыстарын жүргізуге арналған.

Одан кейін лекте **ластанған аймақты бақылауға арналған биологиялық барлау машинасы** болды.

Алаңда – **броньдалған**

**«ТАЙМАС 8-де 8».** Бұл техника Қарулы Күштерді құру және дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында Қазақстан-Түрік-Қытай мемлекеттерімен бірлесіп өндірілген. Қазіргі таңда әскери сынақтан ойдағыдай өтті.

Отандық өндірістегі жаңалық – су жаңа әскери техника үлгісі **«ШАҒАЛА-М» ұшқышсыз авиациялық жүйесін** де ел тамашалай алды. Оны «Қазақстан инжиниринг» орталығы жасап шығарған.

Шеруді Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының **«Айбар», «Орал-BB», «Барыс 6-да 6», «Алан-2» жауынгерлік техникалары** жалғастырды.

Отандық «Алан-2» броньдалған машиналары мен «Барыс» бронетранспортері заманауи қорғаныс, байланыс және қару-жарақ жүйелерімен жабдықталған.

Колоннаны Ұлттық ұланның броньды танк қызметінің бастығы **полковник Арсен Шаймарданов** басқарды.

Салтанатты колоннаға **алғаш рет отандық өндірістің «Алан-2» броньдалған машиналары**





қатысты. Арнайы техника бейбіт және соғыс уақытында радиациялық, химиялық және биологиялық барлау және мониторинг жасауға арналған. Машина заманауи талаптарға сай келетін озық жабдықтармен жабдықталған.

Броньдалған доңғалақты машиналар Төтенше жағдайлар министрлігінің қару-жарағы тізіміне 2023 жылы қабылданды, мемлекеттік және халықаралық ауқымдағы іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары тиімділікті көрсетті.

Төтенше жағдайлар министрлігінің колоннасын азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің офицері подполковник Жеңіс Ноғурбеков басқарды.

**Отандық өндірістің «Сандкат», «Алан-1», «Алан-2»** броньдалған машиналары заманауи қорғаныс, байланыс және қару-жарақ жүйелерімен жабдықталған. Машиналар заманауи талаптарға сай жасалған және озық құралдармен жабдықталған. Олар Мемлекеттік күзет қызметінің абыройын асырып, еліміздің қауіпсіздігін күзетуде қолданылады.

## ӘУЕ ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

**Қазақстанның Әскери-әуе күштері жоғары технологиялық ұшу аппараттарымен жабдықталған. Оның құрамына майдандық авиациялық, әскери-көлік, армиялық авиация ұшақтары, тікұшақтары мен өздігінен ұшатын аппараттарының әртүрлі түрлері кіреді.**

**Қазіргі таңда Қорғаныс министрлігі әскери-көлік авиациясы мен өздігінен ұшатын аппараттарды дамытуға басымдық береді.**

**Армияның жауынгерлік қабілетін арттыру мақсатында авиациялық техника паркі халықаралық стандарттарға сай әуе кемелерінің жаңа үлгілерімен үнемі толықтырылып отырады.**

**Ұшу персоналын дайындауға, әскери қызметшілердің кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді.**

**Қазақстанның әскери**

**ұшқыштары Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер мен басқа да әріптес елдердің әскерлерімен бірлесіп өткізілетін халықаралық оқу-жаттығулар мен операцияларға тұрақты түрде қатысады.**

Әскери парадтағы авиациялық шеруге Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері, ұшқыш-мерген, авиация **генерал-майоры Руслан Кунуров** басшылық етті.

Ал Әскери парадтың әуедегі бөлігін **Ми-171 тікұшақтары** ашты. Олар Астана аспанында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Қарулы Күштердің туын желбіретіп келді.

Мемлекеттік туды **Ми-35 тікұшақтарының жұбы** бірге алып жүрді, оны тікұшақ эскадрильясының командирі, 1-сыныпты ұшқыш **подполковник Сергей Бекетов** басқарды. Қазақстан Республикасының Туын көтерген тікұшақты басқару құрметі авиациялық базаның командирі II дәрежелі «Айбын» орденінің иегері **полковник**

**Дәурен Қарақатовқа** берілді.

Ми-17 тікұшақтарының келесі тобын тікұшақ эскадрильясының командирі бірінші сыныпты ұшқыш **подполковник Ербол Несіпбаев** басқарды.

**Орташа көпмақсатты Ми-17** – өзінің әмбебаптығы мен жоғары ұшу-техникалық сипаттамаларына байланысты әлемдегі ең көп таралған тікұшақ.

Ол Құрлық әскерлері бөлімдерінің ұтқырлығын арттыруға, әскерлерді қару-жарақпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ көздеген нысандарды жоюға арналған. Бұл тікұшақтар таулы және жоғары температура жағдайында жауынгерлік тапсырмаларды орындай алады.

Әуе көгінде – **Ми-35М көп мақсатты соққы беретін тікұшақтар тобы.**

Бұл топты армия авиациясы авиациялық эскадрильясының авиациялық буын командирі 1-сыныпты ұшқыш майор **Дмитрий Тен** басқарды.

Ми-35М тікұшағында «Штурм 9-М» танкке қарсы басқарылатын зымырандары және «әуе-жер» зымырандары мен зеңбірек қондырғысы бар. Ол навигация кешенімен және электрондық индикациямен жабдықталған.

Астана аспанында әскери және азаматтық функцияларды орындайтын аты аңызға айналған **Ми-8 бен оған ілесе екі Ми-171 тікұшағы** да қалықтады. Топ жетекшісі – армия авиациясы авиациялық эскадрильясы командирінің орынбасары бірінші сыныпты ұшқыш **майор Жанат Тұрмағамбетов.**

Ми-8-әлемдік – авиация тарихындағы ең көп тараған және ең мықты тікұшақтардың бірі. Оны әлемнің 50-ден астам мемлекеті қолданады.

Әуе шеруін **Төтенше жағдайлар министрлігі**







## авиациясының бес тікұшағынан тұратын ұшу тобы жалғастырды.

Топты **Асхат Әбдікәрімов** басқарды. Топ құрамында үш еврокоптер ЕС-145 және екі Н-145 тікұшағы бар. Ұшқыштардың кәсіби тәжірибесі мол. Олардың жалпы ұшу уақыты 4 мың сағаттан асады.

## Төтенше жағдайлар министрлігі авиациясы

2021 жылы Түркия Республикасында, сондай-ақ 2022-2023 жылдары Абай және Қостанай облыстарында ауқымды орман өрттерін сөндіруге қатысты. Өткен жылғы көктемгі су тасқыны кезінде тікұшақ экипаждары елге көмек беруге белсене атсалысты. Тікұшақ экипаждары әдетте тәулік бойы жауынгерлік кезекшілік атқарады. Олар тәуліктің кез келген уақытында адамдарға көмекке келуге дайын.

## «Ми-8» тік ұшақтары

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы және терроризмге қарсы операцияларына қатысады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұрыстық бүркемелеуді қамтамасыз етеді. Тікұшақ экипаждары күндіз-түні, тауларда және су айдынының үстінде ұшудың барлық түрлерін орындауға дайындалған.

Әуеде **Си-295 әскери-**

**көлік ұшағы мен Л-410 жеңіл ұшақтары да** көрініс тапты. Топты авиациялық эскадрилья командирі, екінші сыныпты ұшқыш, **подполковник Тимур Сандыбаев** басқарды.

**Си-295** ұшағы 9 тоннаға дейін жүкті, 70-ке дейін мұздай қаруланған әскери қызметшіні тасымалдауға, сондай-ақ, жанармай құюсыз 5000 шақырымға дейін қашықтықты ұшып өтуге мүмкіндік береді.

**Си-295** заманауи навигация жүйесімен және қозғалтқыштың жұмысын бақылау жүйесімен жабдықталған.

Бұл ұшақтармен Ақтөбе Әуе қорғанысы күштері әскери институтының әскери-көліктік авиация курсанттары алғашқы ұшу жаттығуларын орындайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Си-295»

ұшақтары арнайы бөлімшелердің межелі орындарға жедел ауысуын қамтамасыз ету үшін тәулік бойы жауынгерлік әзірлікте болады.

## «Би-300» ұшақтары

патрульдеу, іздеу және құтқару, барлау миссияларын жүргізеді. Ұшақ экипаждары жарығы жоқ алаңдарға қона алады.

## Екі орындық Л-39

оқу-жауынгерлік ұшағы әуе күштерінің курсанттарын кез келген ауа райында ұшу техникаларына машықтануға арналған. Әуедегі, құрлықтағы және теңіздегі іс-қимылдарға байланысты шеберлікке үйрету үшін пайдаланылады.

Бұл – курсанттарды ұшуды бастапқы үйретуге арналған оқу-жаттығу ұшағы. Ол күндіз-түні кез келген ауа райында ұшуға үйренуге,

әуе нысандарын барлау, жердегі нысандарға соққы беру сияқты жауынгерлік машықтарды меңгеруге арналған.

## Келесі кезекте әуеде **Ту-154 ұшағы**, оған екі **Су-30СМ**

жойғыш ұшағы қос қапталдан ілесіп келді. Ұшақ Қорғаныс министрлігі басшылығының әуедегі басқару пункті болып саналады.

Аталған ұшақ ұзақ уақыт бойы сенімді әрі көп функциялы әуе көлігі ретінде пайдаланады. Негізінен ішкі және халықаралық бағыттар бойынша тасымалдауға арналған. Ол 150-180 әскери қызметшілерді 3000-5000 қашықтыққа жеткізе алады. Ұшақ жүк тасымалдауға да бейімделген.

Әуе кемесін **подполковник Қанат Успанов** басқарды.

Әуеде **А-400 ұшағы да** келді. Оған екі **Си-295 ұшағы** ілесіп отырды.

Әуе кемесін авиациялық эскадрилья (әскери-көліктік авиациясы) жасақ командирі 1 сыныпты ұшқыш **подполковник Асылбек Жумабаев** басқарды.

**А-400М** – әртүрлі тапсырмаларды орындауға арналған, көпмақсатты әскери көліктік ұшақ. Ол әскери тасымалдау, медициналық эвакуация, әуе десанты, гуманитарлық миссиялар сияқты маңызды қызметтерді







атқарады.

**А-400 ұшағы** – заманауи, ең жаңа төрт моторлы турбовинтті әскери көлік ұшағы. Ұшақ 2024 жылдан бері әуе күштері құрамында қолданылып келеді.

Елорда көгінде – **алдыңғы қатарлы майдан авиация ұшақтары**.

Аспанда «Ромб» ұшу тәртібімен жаңа аса маневрлі көп функционалды Су-30СМ жойғыш ұшақтары қалықтады.

радиоэлектрондық жабдықтардың заманауи кешенімен жабдықталған.

Алты жойғыш ұшағынан тұратын авиациялық топ өз шеберлігі мен кәсібилігін тәнті етті. Олар Отанымыздың қауіпсіздігі үшін әуеде және құрлықта жауынгерлік дайындықтың жоғары үлгісін көрсетіп келеді.

Су-30СМ – жаңа буынның ақылды, қуатты әрі маневрлік мүмкіндігі

Жауынгерлік қасиеттеріне қарап Су-25-ті **«ұшатын танк»** деп те атайды. Бұл шабуылдаушы Құрлық әскерлерін әуеде қолдауға арналған.

Топты авиациялық база командирі, 1-сыныпты ұшқыш, II дәрежелі «Айбын» орденінің кавалері, **полковник Ғайрат Талабшоев** басқарды.

Парад көрермендеріне көзайым ретінде **Су-25 ұшақтарының тобы**

ұланының Орталық әскери оркестрі бірлесіп «Егемен Қазақстан» әнімен аяқтады.

Құрама оркестрді Президент оркестрінің бастығы, «Құрмет» орденінің иегері **подполковник Дархан Рахимғалиев** басқарды.

**Мінекей, қадірменді оқырман, жетінші мамыр күні Жеңістің 80 жылдық мерейтойына арналған**



Топты авиациялық бөлімнің командирі ұшқыш-мерген **полковник Нұрлан Бекбосынов** басқарды.

Су-30СМ жойғыш ұшақтары еліміздің өңірлерінде күнделікті жауынгерлік кезекшілікте тұрады. Әуе шекарасына қауіп төнген сәтте тез арада ұшып шығып, тойтарыс беруге әрдайым дайын. Астанамыздың аспан тыныштығы да осы ұшақтарға жүктелген. Ұшақ қару-жарақтың кең спектрімен және борттық

орасан әуе арсеналы. Аэродинамикалық пішіні мен басқарылатын векторлы тартылыс қозғалтқыштары мүмкін емес деп саналатын маневрлерді жүзеге асырады. Ұрыс жағдайда жоғары пилотаж элементтерін оңай орындайды.

Әскери-әуе күштері авиациясының салтанатты құрамын алты **Су-25 штурмовик-ұшағы** аяқтады. Оларды Шымкент қаласы әскери бөлімі экипаждары басқарды.

еліміздің басты алаңынан аспан астындағы **Қазақстан Республикасы Туының** бейнесін салып шықты. Бұл, расында, әскери ұшқыштардың жоғары кәсібилігі мен шеберлігінің жарқын көрінісі.

Салтанатты шеруді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жиынтық әскери оркестрі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Президенттік оркестрі және Қазақстан Республикасы Ұлттық

**Әскери парад осылай өтті. Оны ел-жұрт сол күні телеарналардан тікелей эфирде тамашалады да. Алайда біз осы бір тарихи Парадты «Айбын» атты журналымызда тағы бір айшықтап көрсетуді ұйғардық. Мұндағы мақсат – болашақ ұрпаққа тарихтың хаты етіп қалдыру.**

**Ерлібай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ,**  
«Сарбаз» газеті мен  
«Айбын» журналының  
шығарушы редакторы





# ВОЕННЫЙ 2025 ПАРАД

в цифрах

БОЛЕЕ **4000**  
ВОЕННОСЛУЖАЩИХ



**24** ПЕШИХ  
ПАРАДНЫХ РАСЧЕТА



СВЫШЕ **5000**  
ГОСТЕЙ ПАРАДА



БОЛЕЕ **200** ЕДИНИЦ  
ВООРУЖЕНИЯ И  
ТЕХНИКИ



В ТОМ ЧИСЛЕ:

**66** ЛЕТАТЕЛЬНЫХ  
АППАРАТОВ



НОВЕЙШИЕ ОБРАЗЦЫ  
ТЕХНИКИ



ИСТОРИЧЕСКАЯ  
ТЕХНИКА ВРЕМЕН  
ВОЙНЫ







**Халық қаһарманы, Армия генералы  
Мұхтар АЛТЫНБАЕВ:**

## АРМИЯМЫЗДЫҢ АЙБЫНЫ АЙШЫҚТАЛДЫ

– Міне, бүгін елордадағы «Қазақ елі» алаңында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад өтіп, Тәуелсіз Қазақстан армиясының бүгінгі күш айбыны көрсетілді.

Қазір елімізде көзі тірі санаулы ғана соғыс ардагері бар екен. Сол кісілермен қатар отырып, биылғы парадты тамашалау маған бұйырған

бақ іспетті. Үлкендеріміз аман болсын! Қан майдандағы ерлік істері мен Отан қорғаудағы ерен еңбектерін біз ұмытпақ емеспіз. Бүгінгі әскери шеруді ұрпақтардың майдаргерлерге деген тағзымы деп түсіну керек. Сондай-ақ Қазақстан армиясының айбынының айшықталуы – өр рухтылықтың белгісі.

Еліміздің Қарулы Күштерінің

алғашқы жылдары және бүгінгі күні қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басымдық біздің саяси қызметімізге тиесілі екені сөзсіз. Бұл ретте Президент Қарулы Күштерді құру және жаңғырту, олардың кәсіби даярлығы мен жауынгерлік әзірлігі деңгейін арттыру, қазіргі заманғы қару-жарақ құралдарымен жарақтандыру, әскери қызметтің беделін

арттыру үшін бірінші кезектегі маңызға ие әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударады.

Қазіргі кезде Қазақстанның ұтқыр және кәсіби даярланған армиясы бар екенін мақтанышпен айтуға болады. Қазақстан армиясы жасасын!



**Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев:**

## ӘСКЕРІ ҚУАТТЫ ЕЛ АЛАҢСЫЗ ӨМІР СҮРЕДІ

– Алғаш тәуелсіздік алған жылдары қандай едік, бүгін қандаймыз?! Қазақстанның Қарулы Күштері де елмен бірге дамып, елмен бірге заманауи талаптарға сай жетіле түсті. 1992 жылы құрылған Қарулы Күштер алғашқы жылдарында

талай қиындықты бастан кешірді. Соның бәріне төзіп, шыдамдылық танытып, тығырықтан шығатын жол таба білдік. Сол алғашқы қалыптасу кезеңдер Қазақстанның әскери тарихында алтын әріптермен жазылып қалды.

Әскері қуатты ел ғана алаңсыз өмір сүреді. Бүгінгі әскери парадта Қазақстан Қарулы Күштері алаңда сап түзеп өткен әскері мен тізбектеліп өткен әскери техникаларымен соны айғақтады. Жер, көк, теңізде

де қорғаныс мықты екенін байқатты. Соғыс кезіндегі ата-баба рухтылығы бүгінгі ұрпақтың бойынан табылсын. Сонда ғана елімізге жау тимейді, жұртымыз тыныш болады.





**ҚР Қарулы  
Күштерінің  
ардагері, запастағы  
полковник Сапарғали  
ЖАҒЫПАРОВ:**

## ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗДІҢ ҚАУҚАРЫН КӨРДІК



– Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадтың бір бөлігі соғыс жылдарына, енді бір бөлігі тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі келбетіне арналды. Тарихқа көз жіберіп, қазақ әскерінің қазіргі жай-күйін көпшілікке паш ете алды.

Биылғы әскери парадқа 4 мыңнан астам әскери қызметші қатысты. 200-ге жуық қару-жарақ пен әскери техника, армиялық, майдандық және әскери-көліктік авиацияның 60 әуе кемесі ел назарына ұсынылды. Бұл – бүгінгі Қарулы Күштеріміздің қауқары.

Иә, тәуелсіз ел атанған тұста Қазақстанның Қарулы Күштері құрылды. Содан бері отыздан астам жыл өтті. Қазір заманауи, машықтанған, жауынгерлік әлеуеті жоғары әскери күшіміз бар. Шүкір дейміз.

Біздің бейбіт күніміз ұзағынан болғай!



**БИЫЛ ӘСКЕРИ ПАРАД ҰЛЫ  
ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ  
80 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ОТАН  
ҚОРҒАУШЫ КҮНІНЕ АРНАЛДЫ.  
АСТАНАНЫҢ «ҚАЗАҚ ЕЛІ»  
АЛАҢЫНДА ӨТКЕН АЙТУЛЫ  
ШАРАҒА БАРЫП, КӨЗАЙЫМ  
БОЛҒАНДАРДА ЕСЕП ЖОҚ.  
АРАЛАРЫНДА АРДАҚТЫ  
АРДАГЕРЛЕРІМІЗ ДЕ БОЛДЫ.  
СОЛАРДЫҢ БІРҚАТАРЫНЫҢ  
ОЙ-ПІКІРІН ОРТАҒА САЛҒАНДЫ  
ЖӨН КӨРДІК.**

# ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКІЗГЕН ЖЕТЕЛІ ҰРПАҚ

**Ұлы Отан соғысының ардагері Рзағұл  
БАЙКЕШЕВ, Астана қаласы:**

– Сұрапыл соғыстың куәгерімін. Майдан шебінде жүрген біздей майдангерлерді халқымыз құрмет тұтады. Өткеннің еншісіне қалдырмай, ұмытпаған бүгінгі ұрпаққа алғысым шексіз. Бұл Жеңіс – қаруластарымның қанымен келген Жеңіс. Бұл Жеңіс – майданда жан тапсырған майдангерлердің жесірі мен жетімдерінің көз жасымен келген Жеңіс. Бұл – Ұлы Жеңіс. Сондықтан бүгінгі парадты сүйсіне тамашалап отырмын. Ұрпақтың ұлықтағаны көз қуантады.

**Ұлы Отан соғысының ардагері  
Нұрқасым ӘЖІТАЕВ, Қосшы қаласы:**

– Иә, биыл, елімізде Жеңістің 80 жылдығы аталып өтіп жатыр. Халқымызға ризамыз. Бәрі бізді құрмет тұтады. Бүгін міне, арнайы шақырып, әскери парадқа қатыстырып отыр. Лек-легімен өтіп жатқан жауынгерлер қаруластарымызды еске түсірді. Әлия, Мәншүк сынды қыздардың құрметіне өткен әскери топты көріп, көңілім толқыды. Жүріп өткен әскери техниканың дауысынан бейнебір майдан даласында жүргендей болдым. Кешегі күнді көз алдыма әкелген осы бір шараны риза көңілмен қабылдадым.

**Ұлы Отан соғысының ардагері  
Владимир БЕЛОЗЕРОВ, Алматы қаласы:**

– Маған парадта көзіме оттай басылғаны – алаңнан жүріп өткен Т-34 танкі мен БМ-13 («Катюша») реактивті артиллерия машинасы. «Т-34» танкі – Екінші дүниежүзілік соғысының

аңызы. Т-34 Ұлы Отан соғысының бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін абыроймен өтіп, Жеңістің символына айналды. Ал «Катюша» майдан даласындағы таптырмас қару еді. Соғыс кезінде Кеңес жауынгерлері осы қарулармен талай жаудың көзін жойды. Ал бірінің бетін тойтарды. Әскери парад соны көз алдымызға әкелді. Баршаға рахмет!

**Ұлы Отан соғысының ардагері  
Қасымхан АЛДАБЕРГЕНОВ, Қостанай  
қаласы:**

– 1945 жылдың көктемі Жеңіс әкелді. Сол жылы Кеңес жауынгерлері Рейхстагқа Жеңіс туын тікті. Оны өзіміздің қазағымыз, лейтенант Рақымжан Қошқарбаев бірінші боп тіккен екен. Сол жауынгерлік тудың көшірмесін парадта ұстап өткен әскерилерді көргенде көңіл толқыды. Олар ашық аспанда, бейбіт күнде өмір сүріп жатыр. Елімізде бейбітшілік болсын, ұрпақ соғыс көрмесін.

**Ұлы Отан соғысының ардагері Құрмат  
РАХИМОВ, Өскемен қаласы:**

– Бүгінгі парад көңілімізді көтеріп тастады. Соғыс жылдарына сапар шегіп қайтқандаймыз. Бүгінгі әскеріміздің де айбынына куә болдық. Көріп отырмыз, қаншама әскерилер, әскери техника бар. Заманға сай өсіп, өркендеп жатқан ел армиясы жасасын.

Бізді ерекше сый-құрметке бөлеп жатқан ұрпаққа алғыс. Даңқты батыр бабалардың ұлы жолын жалғастыру – сендерге аманат. Ел аман, жұрт тыныш болсын!





**Полковник Нұрлан БАЙДУЛЛАЕВ, 53975 әскери бөлімінің командирі, парадқа қатысушы:**

– Біз еліміздің Әуе қорғанысына жауаптымыз. Әуе қорғанысы күштері кез келген қиындық деңгейіндегі міндеттерді шешуге қабілетті. Бүгінгі күні жоғары шеберлігін танытып жүрген Қарулы Күштердің ең мобильді және техникалық жабдықталған түрі десек болады. Қазақстанның Әуе қорғанысы күштері – бүкіл елдің мақтанышы мен тірегі!

Көп мақсатты ұшақ 8000 шақырымға дейінгі құрлықаралық қашықтыққа ұшуға қабілетті. Ол 37 тонна жүк көтере алады, шамамен 100 адам тасымалдайды. Сондай-ақ ауыр техниканы, оның ішінде сауытты транспортерлерді, артиллериялық қондырғыларды және тікұшақтарды тасымалдауға арналған. Әуе көлігін төтенше жағдайда гуманитарлық көмекті жедел жеткізу және әскерлерді тасымалдау үшін пайдалануға болады. Әмбебап көлік тек бетоннан жасалған ұшу-қону жолағына ғана емес, арнайы дайындалмаған жерлерге де қона алады.



**Майор Қобыланды МАРАТ, парадқа қатысушы:**

– Мен Әскери-теңіз күштерінің штаб офицері, әскери парадта Әскери-теңіз күштерінің ту ұстаушы ассистенті болдым. Мен үшін бұл айтулы оқиға болып табылды. Өйткені бұл парад қазақ әскерінің күш-қуатының мықты екенін көрсете білді. Сондықтан да менің жүрегімде айрықша орын алды. Және де мен осы парадқа қатысқанымды көптен-көп мақтан тұтамын. Көк туымыз әрқашан аспанда желбірей берсін. Әскеріміз әлеуетті, шекарамыз шегендеулі болсын!



**Подполковник Асылбек ЖҰМАБАЕВ, А-400 ұшағының командирі, парадқа қатысушы:**

– Әскери парадта әуелеген А-400М ұшағы жедел-стратегиялық міндеттерді орындайды. Күш-қуаты жағынан бір рейсі алты С-295 ұшағымен бірдей.



**Майор Ағабек МАҚҰЛБЕК:**

– Биыл Ұлы Отан соғысы жеңісінің 80 жылдығы Астана қаласында әскери парадпен жоғарғы деңгейде атап өткізілді. Әскери парадта Қарулы Күштеріміздің жауынгерлік рухы көтерілді, әскери және әуе техникалардың жаңа заманауи түрлерімен таныстырылды. Сапта сақадай-сай тұрған барлық жауынгерлер жоғарғы дәрежеде атсалысып, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және барлық батырларымызға құрмет көрсетті. Еліміздің еңсесі мен тұғыры әлемдік аренада әрқашан да биік болып, қару-жарақ пен әскери техникаларымызды тек қана оқу-жаттығуларда қолданаық. Заманымыз бейбіт, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Парад алдында көрсетілген «Рух» әні клипінің бір сәтінде әскери сәлемдесу орындаған кезімді ұлым көріп қуанып кетті. Әнұранымыз шырқалғанда қолын жүрегіне қойып бірге шырқады және әскери парад біткенге дейін үйді айналып саптық жүріспен (шагать етіп) жүрді. Оны көріп бәріміз таңғалдық. Ұлым 2,5 жаста.

Ұлым әкесінен үлгі алып, болашақ батыр, жауынгер нағыз елінің патриоты болатынына сеніміміз мол!



**III дәрежелі капитан Талғат СИСЕНОВ:**

– ҚР Әскери-теңіз күштерінің парадтық есептобында қатыстым. Парадқа дейін бірнеше ай дайындалдық. Желтоқсан айынан бастап үш ай Ақтау қаласында, наурыз айының соңы мен сәуір айында Астанаға келдік. Дайындық өте қарқынды өтті. Сап түзеу барысында есептоптың барлық қимыл-әрекеті жіті назарға алынды. Сөйтіп, бүгін еңбегіміздің нәтижесін көрсеттік. Бұл да бір аса жауапкершілік. Ер болған соң Отан алдындағы міндетті абыроймен өтегіміз келеді. Сол үдеден шықтық деп ойлаймын. Ел әскері жасасын! Ардагерлеріміз аман болсын!



**ҚР Қарулы Күштерінің әскери қызметшісі, кіші сержант Жанар ЖҮНІСБЕКҚЫЗЫ:**

– Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 80 жыл. Сол соғыста ерлік





көрсетіп, жанқиярлықпен қаза тапқан Әлия, Мәншүк сынды қыздарымыздың есімін тоқып өстік. Батыр қыздарымыз бізге үлгі болды. Жаужүрек аналарымыздың ізімен біз де бүгін Отан қорғаушылар сапындамыз. Әскери парад соны айшықтағандай болды. Алаңда сап түзеп өткен Кеңес кезіндегідей киінген қыздардың жауынгерлік тобы мен бүгінгі әскери қызметші әйелдердің салтанатты есептобы – соның айғағы. Оларға Құрлық әскерлері бас қолбасшысы басқармасының тәрбиеші офицері капитан Зульфия Шамшиева басшылық жасады.

Иә, біз – кешегі Әлия мен Мәншүктің ізбасарымыз. Өр рухтылық пен тектілікті сақтап келеміз және сақтай да береміз. Еліміз, елдігіміз жасасын!



**Бердібек ҚУАТБАЕВ, көрермен:**

– Алғаш рет әскери парадты Кеңес кезінде көріп едім. Екінші мәрте енді көріп отырмын. Бұл парад өзгеше. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі әскерінің айбынын паш еткен шеру болды. Жіптіктей тізіліп өткен жауынгерлерді, танктер мен әскери көліктерді көрдік. Жанымда отырған балам да таңданысын жасыра алмай отыр. Болашақта әскери болғысы келеді. Елді қорғауға ұмтылысына қуанамын. Осындай саналы ұрпақ барда ел іргесі сөгілмейді. Аман болайық, елімізге жаудың шеті тимесін!



**Рыскүл КӨККӨЗҚЫЗЫ, көрермен:**

– Бүгінде қасиетті жеріміз көкте де, жерде де, суда да сенімді қорғалатынына көз жеткіздік. Осы шеру осының айқын көрінісі. Бәріміз керемет әсер алдық. Ұшақтардың бірнеше топқа бөлініп ұшуы керемет! Әсіресе, ұшқыштардың көк Туымызды бейнелеген арнайы отшашу тәсілі жұрттың таңданысын тудырды. Көгімізде Туымыз желбірей берсін! Елімізді қара бұлт торламасын! Бүлдіршіндердің шат-шадыман күлкісімен болашағымыз көмкерілсін! Тілегіміз – осы!

Жерінің қауіпсіздігін, елінің тыныштығын қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы, абыройлы міндеті. Осындай әскеріміз күшті болып, егемендігімізді сақтап қалсақ, одан басқа ештеңенің керегі жоқ.



**Ақназар САНАҚБАЙ, 7 жаста**

– Әке-шешеммен бірге парадты көруге келдім. Өйткені әскери адамдар

маған ұнайды. Көзбен көрсем деген арманым бар еді. Жаңа сап түзеп өтті. Сіз көрдіңіз бе, мен бәріне шекеме қолымды қойып, құрметімді білдірдім. Шынайы ниетімді бірі болса бірі көрген шығар. Сол кісілердей ел қорғасам деймін. Келешекте Отан қорғаушы боламын.



**Ибраһим ЕРБОЛ, 4 жаста:**

– Парадта солдаттарға қарадым. Олар тізбектеліп өтті. Сосын танк көрдім. Аспаннан ұшақ өтті. Оның жолынан Туды көрдім. Күшті ұнады. Өскенде папам сияқты солдат боламын. Елді қорғаймын.



**Ілияс, Әлинұр ОРАЗАЛЫ, ағайындылар:**

– Парадтан алған әсеріміз ерекше. Танктер, камаздар көрдік. Тікұшақтар мен ұшақтардың әуелегенін көрдік. Ту алып өткенін түсіріп те алдық. Саптай тізіліп өткен сарбаздарға ұқсағымыз келеді. Әсіресе, жас барабаншылар қалай өтті?! Біз де осындай офицер боламыз! Елді қорғаймыз, жерді қорғаймыз! Біз елімізді мақтан тұтамыз!



**Райяна БІЛӘЛ, 9 жаста:**

– Барлық қазақстандықтарды Ұлы Жеңіс күні мерекесімен құттықтаймын. Біз осы бейбіт күнді алып келген майдангер ата-апаларымызға шексіз разымыз. Оларға әрдайым тағзым етеміз.

Өзім осы парадты көргеніме қуаныштымын. Әсері мол. Біраз уақыт есімде қалатындай болды. Әскеріміз жасасын! Бейбіт заман болсын! Аспанымыз ашық болсын!



**Әлім ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ, көрермен:**

– Санаулы ғана соғыс ардагерлеріміз қалды. Соларды ұлықтап жатқан халқымызға бақ-береке берсін! Бірлігімізден, тірлігімізден кетпейік! Олардың бүгінгі ізбасарлары қазақтың мемлекеттілігін қас қақпай күзетіп тұр. Айбынды армия – тәуелсіздігіміздің қорғаны. Елдің бейбіт өмірін, тұтастығы мен тыныштығын қорғап жатқан ел әскері жасасын!

**Пікірлерді алған  
Рима БІЛӘЛҚЫЗЫ**





# СИМВОЛ НАЦИОНАЛЬНОГО ЕДИНСТВА И ПАМЯТИ

**Военный парад в столице вызвал живой отклик у каждого, кто наблюдал за этим важнейшим событием года в нашей стране. Зрители были впечатлены масштабом и торжественностью мероприятия, а ветераны тронуты вниманием и уважением. Ветераны Вооруженных Сил, участники парада, представители дипломатического корпуса других стран выразили свое восхищение организованностью и символизмом парада, подчеркнув атмосферу гордости, патриотизма и уважения к подвигу народа в годы Великой Отечественной войны.**

## **Генерал-майор Геннадий Носоновский:**

- Я присутствовал практически на всех парадах, проводимых в нашей стране, и с уверенностью могу сказать, что парад в Астане в честь 80-летия Великой Победы прошел на высоком уровне в плане организации. И смотрелся ничем не хуже парада на Красной площади в Москве, прошедшего 9 мая. Говорю как человек, принципиально понимающий в этом толк.

Казахстанский народ внес колоссальный вклад в общую Победу. При населении 6,5 миллиона человек на фронт ушли 1,2 миллиона человек, из них не вернулись домой свыше 600 тысяч казахстанцев. Поэтому историческая память нашего народа должна сохраниться, нельзя забывать о подвиге народа, достижении Победы – поистине

историческом переломе, который героически сотворили наши люди в войну. И парад в первую очередь направлен на то, чтобы эту историческую память сохранить.

Говоря о запомнившихся моментах парада, отмечу идеальное равнение, ведь я смотрел с такого места, откуда наблюдалась диагональ. Чувствовалась сильнейшая обученность личного состава. Наши «коробки» прошли, что называется, без сучка без задоринки. Также хочу отдельно похвалить пограничников – они тоже отлично прошли.

Другой важный момент – абсолютно безукоризненная форма одежды участников парада, одеты, как говорится, с иголочки. В этом плане «вещевики» Министерства обороны сработали отлично.

Хочу поблагодарить

участников парада за то, что выложились полностью. Представляю, какие упорные тренировки и какой большой труд стоят за подготовкой к параду – сам в военных парадах не раз участвовал, проходил по Красной площади многократно, участвовал в парадах в различных городах бывшего Советского Союза. Подготовка к параду – это колоссальный труд.

Зря говорят, что парад – это трата средств. Ничего подобного. Это в первую очередь обучение и дисциплина личного состав. К тому же, проверяется техника. Не так просто обслужить ее и подготовить, к примеру, летную технику, организовать пролет. Все это огромный труд. Я это все понимаю и поэтому хочу поблагодарить участников и организаторов парада!

## **Генерал-майор Айткали Исенгулов:**

- Парад, проведенный в Астане в честь 80-летия Великой Победы, вызывает всяческое уважение и только восхищенные отзывы.

Мы не забыли, помним и гордимся подвигом нашего народа. Большое количество людей участвовало в «Бессмертном полку», прошедшем по улицам Алматы – практически половина города. Так наш народ встретил День Победы, а парад стал вершиной народного вдохновения и благодарности участникам войны. Низкий поклон организаторам и тем, кто шел в парадном строю! Пусть их распирает гордость, что они наследники батыров, которые нам принесли Победу и 80 лет мирного неба над головой!

Парад – это напоминание



о подвиге наших старших поколений, которые на полях войны сложили головы.

Нет подвига на фронте, который бы не повторил казах! Подвиг Н. Гастелло повторил Нуркен Абдиров, подвиг А. Матросова – Султан Баймагамбетов, подвиг М. Паникаха – Карсыбай Спатаев, а победную точку поставил Рахимжан Кошкарбаев. Из всех народностей именно представители казахского народа имеют большее число наград на душу населения. На их подвигах должны воспитываться молодые казахстанцы и передавать эту гордость последующим поколениям! Мы – свободолюбивая страна и всегда будем стоять на защите родной земли!



**Ветеран Великой Отечественной войны, десантник Виктор Изюмников обратился к участникам военных парадов в Астане и Москве, посвященных 80-летию Победы:**

- От имени поколения победителей и от себя лично приветствую вас на торжественном параде, посвященном великой дате – 80-летию Победы в Великой Отечественной войне. 7 мая на площади «Қазақ елі» в Астане и 9 мая на Красной площади в Москве мы вместе отдаем дань памяти тем, кто сражался за свободу и мир, кто пожертвовал собой ради

будущего своей Родины и всего человечества.

С особой гордостью отмечаю, что именно десантный род войск, которому принадлежу и я, удостоен чести представлять Вооруженные Силы РК на параде в Москве. Это не только символ братства по оружию, но и глубокое уважение к вкладу Казахстана в Великую Победу.

Сегодня я смотрю на вас, молодых, сильных, мужественных, с верой и гордостью. Вы – наша надежда. Будьте достойными наследниками тех, кто в годы войны встал на защиту нашей Родины.

Выходя на площадь Независимости у монумента Қазақ елі и на Красной площади, помните, за вашими плечами тени павших героев. Каждый шаг на этих парадах это память, это клятва хранить то, за что мы воевали. Пусть над нашими народами всегда будет мирное небо! Пусть память объединяет нас в уважении к прошлому и ответственности за будущее.

**Ветеран тыла Плат Ахметжанов:**

- Проведение парада имеет огромное воспитательное значение для молодого поколения.

Самое главное, чтобы у нас всегда было мирное небо над головой, чтобы наша молодежь никогда не познала, что такое война. Особая благодарность нашему Президенту за организацию такого праздника, за особенное приглашение и уважение, проявленное к ветеранам.

**Посол Республики Беларусь в Казахстане Алексей Богданов:**

- Поздравляю казахстанских коллег с Днем защитника Отечества и праздником



Днем Великой Победы. Уверен, что нерушимые узы дружбы, закаленные в годы суровых испытаний на полях Великой Отечественной войны, без сомнения, будут служить надежной основой для дальнейшего развития и укрепления всестороннего сотрудничества между Беларусью и Казахстаном.



**Посол России в Казахстане Алексей Бородавкин:**

- Во всех городах Казахстана проходят торжественные мероприятия, конференции, семинары, обсуждения. Все это свидетельствует о том, с какой гордостью относятся казахстанцы к памяти о своих предках, победивших в Великой Отечественной войне – к этому историческому событию, нашей общей истории. Мы отмечаем этот праздник вместе, что называется, в едином строю.

7 мая прошел парад Вооруженных Сил Казахстана на центральной площади столицы. Вооруженные Силы РК продемонстрировали свою

мощь, и мы приветствуем укрепление казахстанской армии.

**Председатель общества ветеранов и инвалидов войны в Афганистане по Карагандинской области «Ардагер» Талгат Хасенов:**

- Проведение масштабного военного парада, посвященного 80-летию юбилею Великой Победы, на центральной площади казахстанской столицы — не только дань уважения и памяти нашим соотечественникам, проявившим мужество и героизм на полях сражений, но и яркая демонстрация мощи современных Вооруженных Сил РК.

Верховный Главнокомандующий Касым-Жомарт Токаев напомнил, что Великая Отечественная война стала тяжелейшим испытанием как для всего мира, так и для Казахстана. Он подчеркнул, что война приносит беды, а мир — это настоящая ценность. Победа, по его словам, навсегда вписана в страну и остаётся ценнейшим уроком для всех народов.

По его словам, более 1 миллиона 200 тысяч казахстанцев ушли на фронт, и половина из них не вернулась. Более 500 человек стали Героями Советского Союза. Президент перечислил имена некоторых бойцов, которые навсегда вошли в историю. Он также подчеркнул, что тыл не уступал фронту по духу, отметив, что Казахстан направил на фронт полторы тысячи вагонов с одеждой и продуктами, а в республике были построены сотни заводов, выпускавших боеприпасы, оружие и форму.

Именно поэтому проведенный парад имел историческое и патриотическое значение.



7 мая на площади Независимости у монумента «Қазақ елі» в Астане прошла современная боевая техника, чеканили шаг лучшие воины страны, представляющие различные гарнизоны, свое мастерство и профессионализм продемонстрировали отечественные летчики. Была представлена новейшая роботизированная техника, беспилотные летательные аппараты, боевые машины собственного производства. Всего казахстанцы увидели более четырех тысяч военнослужащих, свыше 200 единиц военной техники, а также 66 самолетов и вертолетов фронтовой, армейской и военно-



и подтянутых бойцов, испытывают гордость за страну.

Жарылкасынов.

- В этот знаменательный день мы все испытываем особую гордость за наше прошлое и уверенность в будущем. Парад Победы - это не просто военная традиция, это напоминание о мужестве, стойкости и любви к Родине. От имени всех военнослужащих поздравляю вас с Днем Победы и Днем защитника Отечества! Мирного неба, благополучия и крепкого здоровья каждому из вас, - сказал он.

Завораживающий пролет самолетов вызвал бурю эмоций: дети махали руками в небо, взрослые снимали видео и аплодировали. Этот момент стал кульминацией праздничного дня и надолго останется в памяти всех

присутствующих.

Особое внимание зрителей парада по всей стране привлекли видеообращения участников парада, подготовленные Министерством обороны. Военнослужащие, офицеры и курсанты тепло поздравили народ Казахстана с памятными датами, пожелав стране мира, стабильности, крепкого духа и сплоченности. Их слова звучали искренне и проникновенно - в каждом выступлении звучала благодарность ветеранам, любовь к Родине и уверенность в светлом будущем.

Молодые защитники Родины поблагодарили предков за мирное небо и выразили готовность с честью продолжать славные традиции мужества, доблести и верности воинской присяге.

«Подвиги наших дедов и отцов вдохновляют нас. Мы сделаем все, чтобы Казахстан оставался сильным и независимым», - говорится в одном из обращений.

Парад стал не просто зрелищным мероприятием, но и мощным проявлением национального единства и исторической памяти. Казахстан с глубоким уважением чтит своих героев - и тех, кто сражался в прошлом, и тех, кто стоит на страже сегодня.



транспортной авиации.

Уверен, что одним из важных атрибутов сильного государства является профессиональная, современная армия. Именно поэтому парады - мощная идеологическая компонента, демонстрация нашей силы и возможностей. Наша общая задача - поднимать престиж армии. Люди, пришедшие на парад со своими детьми или получившие информацию о нем в СМИ, видят современную технику и вооружение, мужественных

**Военный парад наблюдали и жители других городов Казахстана. Так, в Караганде жители и гости города имели возможность смотреть трансляцию парада в прямом эфире на большом LED-экране, установленном в Центральном парке культуры и отдыха.**

С приветственным словом к горожанам обратился заместитель командующего войсками Регионального командования «Астана» полковник Шакен







# Тарихи парад куәгерлерінің көкейге түйгендері

**ЖУЫРДА БАС ҚАЛАМЫЗ АСТАНАНЫҢ ТӨРІНДЕ 1941-1945 ЖЫЛДАРҒЫ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ ОРАЙ ЕЛ АЙБЫНЫН АЙШЫҚТАҒАН ӘСКЕРИ ПАРАД ӨТКІЗІЛДІ. ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТЫНА СҮЙЕНСЕК, БҰЛ СОҒЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢ ІРІ ӘСКЕРИ ПАРАДТЫҢ БІРІ БОЛДЫ. ПАРАД ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ТАРАТЫЛЫП, РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАРЛЫҚ ОБЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ЖӘНЕ МЕГАПОЛИСТЕРДЕ АРНАЙЫ ҚОЙЫЛҒАН ЭКРАНДАРДА КӨРСЕТІЛДІ. ПАРАДТЫ ӨЗ КӨЗІМЕН КӨРГЕН БІРНЕШЕ КУӘГЕРЛЕРГЕ ЖУРНАЛИСТ РЕТІНДЕ «ӘСКЕРИ ПАРАД КУӘГЕРЛЕР ЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ЕРЕКШЕЛІКТЕРМЕН ҚАЛМАҚ?» ДЕГЕН САУАЛ ҚОЙДЫҚ. ЕНДІГІ КЕЗЕК СОЛ ҚОНАҚТАРДА.**



Отставкадағы **полковник Жантасов Амангелді** – «ҚР Қарулы Күштері ардагерлері» РҚБ Қарағанды облыстық филиалының төрағасы:

– Менің ойымша, бұл парад ел ішінде жүрген «Бізде лайықты әскер бар ма?» деген көптеген қаңқу сөздерге лайықты жауап берді. Нақтырақ айтқанда, елдің айбынын көрсетті, қорған болар әскердің бар екенін паш етті. Біз ешкімді қорқытпаймыз, ешкімге көз алартпаймыз. Бірақ, бізде құр қол емеспіз, бізде де лайықты жауынгер, ел тыныштығын қорғай білетін Отан қорғаушысы бар. Бір сөзбен айтқанда, халық осыған көз жеткізді деп ойлаймын.

Қорғаныс министрі бізде қандай қару-жарақ

пен техника, оның ішінде қандай ұшу машиналарының бар екенін көрсетіп бақты. Өте көп техника, оның ішінде Қазақстанның өзінде өндірілген броньды машиналар қолданылды. Олардың қатары заман талабына сай дамып, толықтырылып жатқанын ел өз көзімен көрді. Алдағы уақытта осыны, яғни, қазақстандық қорғаныс өндірісінің өнімдері жайлы қарапайым халыққа тереңінен жеткізудің жолын қарастыру керек шығар. Сонда халық қаңқу сөздерге еріп үрейленбейді деп ойлаймын.

Тағы бір ерекше алған әсерім, Президентіміздің сөйлеу мәнері ерекше ұнады. Ол кісінің әр сөзінен және дауыс ырғағынан Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, Қазақстан халқына, Отан қорғаушыларына деген ерекше құрметті, әскердің бүгінгі әл-ауқатына деген зор мақтанышты сездім. Жоғары Бас қолбасшының әрбір сөзін мұқият тыңдап, өзім де қуат алдым.

Жалпы, парадты ұйымдастыру жұмысы өте тамаша болды. Соның ішінде біздің Қарағандыдан 10 шақты адамды облыс әкімдігі арнайы көлікпен алып келді. Делегацияның үлкені биыл 100 жасқа толған Ұлы Отан соғысының ардагері, соғыс кезіндегі ерлігі үшін үш бірдей орденмен және «За отвагу», «За боевые заслуги» медальдарымен марапатталған Степаненко Григорий Петрович деген ақсақал. Ардагеріміз Президиумда ел Президентінің қасында отырып, бүгінгі парадты көргенін өміріндегі бақытты сәттердің бірі деп мақтанып айтты.



Отставкадағы **милиция полковнигі Ыбырай Дуанбай** – «ҚР ҚМ Әскери-



техникалық мектебі»  
Щучье филиалының  
директоры:

– Республика  
Президенті  
– Қарулы  
Күштеріміздің  
Жоғары Бас  
қолбасшысы Қасым-  
Жомарт Кемелұлы  
Тоқаевтың  
қатысуымен тамаша  
әскери парад өтті.  
Күштік құрылымдар  
өкілдерінен  
құрылған жердегі

жауынгерлік расчёттардың  
дәлме-дәл есепте жүріп  
өтуі, техникалардың  
қозғалысы, әуедегі авиация  
техникаларының ұшуы, сайып  
келгенде, әскердің жоғары  
шеберлігін көрсетті. Сырттай  
қарап отырып сүйсіндік, іштей  
мақтандық. Әскеріміздің  
заман талабына сай дамып  
жатқанына көз жеткіздік.

Өз басым бейбіт күнде  
қолына қару ұстаған Ауған  
соғысының ардагерімін.  
Әкем Ыбыраев Қазыбай  
әскерге 1940 жылы кетіп, одан  
соғысқа алынып, елге 1946  
жылы келген. Соғыс кезінде  
бес рет жараланып, екі рет  
контузия алған. Екі мәрте  
«Қызыл жұлдыз» орденімен,  
«Ерлігі үшін», «Сталинградты  
алғаны үшін», «Германияны  
алғаны үшін» медальдерімен  
марапатталған.

Сол ақылманым: «Әй  
балам-ай, мен көрген соғысты  
сен де көрдің-ау» деп айтып  
отырушы еді. Парадта соғыс  
кезіндегі техникаларды, қару-  
жарақтарды көрген кезде  
әкемнің сол сөздері есіме  
түсті. Елімізде ешқашан соғыс  
болмай, мынадай техникалар  
мен қару-жарақтар  
парадтарда жүріп, музейлерде  
тұрсын, – деп тілеймін. Елдің  
амандығын, іргесінің бүтіндігін  
тілеймін. Қазақстан елі  
көркейе берсін! Бірлігіміз бен  
ынтымағымыз арта берсін! Ұлы  
Жеңістің мерейтойы құтты  
болсын!



### Мұхит Үңгітбаев –

Ұлытау облыстық «Чернобыль  
жаңғырығы» қоғамдық  
бірлестігінің жетекшісі:

– Өз басым парадты  
бірінші рет тамашалап  
отырмын. Бұрын тікелей  
тамашалаудың сәті түспепті.  
Осы жолы 87 жастағы әкем,  
еңбек ардагері Үңгітбаев  
Қадыр екеуіміз келдік.  
Сондықтан арнайы делегация  
мүшелерінің Астана төріне  
келіп-қайтуына барлық  
мүмкіндіктерді жасап отырған  
Жезқазған қаласының  
әкімдігіне алғысымды айтқым  
келеді.

Ал, парад жөнінде айтар  
болсам, көңілім өте жоғары.  
Президентіміз Қасым-Жомарт  
Кемелұлы Тоқаевтың жалынды  
сөздерінен ерекше қуат  
алдым. Әскеріміздің әлеуетін  
көріп толқыдым. Республика  
туын, батыр ағамыз Рахымжан  
Қошқарбаевтың Рейхстагқа  
тіккен туының көшірмесін  
алып жүрумен басталған  
парадтан алған әсерімді қысқа  
сөзбен айтып жеткізу мүмкін  
емес. Жас барабаншылардың  
өнері де тамаша ұнады. Қай  
топты алсаң да, жүріс-тұрысы  
да, көрсеткен өнері кез келген  
адамға жақсылық жағынан  
әсер етті деп ойлаймын.

Қорғаныс министрлігінің  
тыңғылықты дайындығын,  
атқарып жатқан жұмысын  
нақты көзімізбен көрдік. Жан-  
жақтан келген әріптестеріміз  
де, таныстарымыз жақсы

толғаныста. Өз арамыздағы  
әңгіме барысында оған нақты  
көз жеткіздік.

Бір сөзбен айтсам, әр  
циклден ерекше әсер алдым.  
Біз күткеннен әлдеқайда  
жоғары деңгейде өтті.

Мерекеңіз құтты болсын,  
Отан қорғаушылары!

### Отставкадағы полковник Онбаев Серікбай

– «Шымкент қалалық  
ардагерлер коалициясы»  
қоғамдық бірлестігінің  
төрағасы:

– Сұрағыңызға көп  
рахмет, айналайын!

Біріншіден, осыдан  
бір ай бұрын еліміздің  
Қорғаныс министрі Шымкент  
қаласы әкімінің атына біздің



қаламыздан Астанада өтетін  
парадқа 10 адамнан кем  
емес құрметті қонақтарды  
арнайы шақыратыны туралы  
хат жіберіпті. Қала әкімі  
делегацияға 15 адамның  
басын қосып, ұшақпен келіп-  
қайтуымызға жағдай жасап  
отыр.

Екіншіден, әскери  
парад дегеніміз – елдің  
айбынын, әскердің әлеуетін  
көрсететін шеру. Парадқа  
қатысуға ұлдарымызды  
былай қойғанда, 11 қыз  
балаларымыз аттанды. Біз оған  
өте қуаныштымыз және батыр  
апаларының жолын қуған  
лайықты сіңілілері бар екеніне  
мақтанамыз.

Үшіншіден, бұл –  
отансүйгіштікке тартатын,

жастардың әскерге деген  
махаббатын оятатын іс-шара.

Төртіншіден, күштік  
құрылымдардың әр түрінен  
қосылған оркестр дефилье  
көрсетті. Қандай қеремет!  
Адамның рухы көтеріліп, жаны  
жадырап, ерекше толқынысқа  
түсесің.

Бесіншіден, шеруде  
әдеттегідей, әскери  
техниканың үздік үлгілері  
қатысты. Оның ішінде толық  
модернизациядан өткен  
бірнеше жаңа үлгідегі әскери  
техника, қару-жарақ бірліктері  
көрсетілді.

Алтыншыдан, ұлттық  
тарихымызға ерекше мән  
берілді. Қазақ елі алаңында  
өскелең ұрпаққа сабақ  
болатын Ұлы Жеңіске өз  
үлесін қосқан Т-34 танкісі,  
артиллерия, зеңбіректер және  
басқа да техникалар, сосын  
пулеметшілер де қатысты.  
Керемет көрініс болды.

Жетіншіден, биыл  
бірінші рет бітімгершілік  
операциясына қатысқан және  
жаңа құрылған аумақтық  
әскери бөлімдердің өкілдері  
қатысты. Олар да осал емес  
екен.

Сегізіншіден, әскери  
парад – ел айбыны. Ол  
аксиома! Парадтан Қазақстан  
әскерінің қай салада болсын  
заман талабына сай, заманауи  
жаңа бейнесі қалыптасқанын  
көріп отырмыз. Кәсіби  
біліктілігі жоғары, жинақы  
армия заманауи қару-  
жарақпен, жаңа техникамен  
жарақтандырылған. Халық  
осыны көзбен көріп, тиісті  
бағасын беріп отыр.

**Сөз соңында, осындай  
әсерлі Әскери парадты  
жоғары деңгейде  
ұйымдастыра білген  
Қорғаныс министрі  
генерал-полковник Руслан  
Фатихұлы Жақсылықовқа  
ардагерлер атынан  
алғысымды білдіреміз.**

Марат ЖҮНІС-БЕК





**Генерал-майор Жеңіс  
Мұхамедқалиұлы МАРАЛОВ,  
«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы  
әскерлерінің қолбасшысы:**

## БАТЫРЛАР ЕРЛІГІНЕ ТАҒЗЫМ ЕТУДІҢ ҮЛГІСІ БОЛДЫ

**ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ  
ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН  
ӘСКЕРИ ПАРАД 2025 ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ  
ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛДЫ. ОҒАН  
«ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНАН  
500-ДЕН АСТАМ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІ  
ҚАТЫСТЫ. ЖЕКЕ ҚҰРАМНАН БӨЛЕК,  
ҚОЛБАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖӘНЕ  
АРНАЙЫ ТЕХНИКАСЫ ДА САП ТҮЗЕП ӨТТІ.**

«Қазақстан Қарулы Күштерінің офицері ретінде әскери парадқа осымен үшінші мәрте қатыстым. Алғашқысы 2009 жылы тамыздың 30-ы күні Конституция күніне арналған, екінші рет қатысқаным 2015 жылы 7 мамырда Ұлы Жеңістің 70 жылдығы және Отан қорғаушы күніне арналған әскери парадтар болды. Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдық құрметіне өткізілген бұл әскери парадта «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының жеке құрамын бастап, өте жоғары деңгейде салтанатты түрде сап түзеп өттік.

Осы парадта қолбасшы мәртебесінде болғандықтан, жауапкершілік те зор болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы халқымыздың табандылығы мен батылдығын айшықтайтын мазмұнды іс-шаралар «Шығыс» өңірлік қолбасшылығында кең көлемде жүзеге асырылды. Қолбасшылыққа қарасты барлық әскери бөлімдердің штабтарында, казармалық үй-жайларында, мәдени-тынығу орталықтарында, ақпараттық-ағарту жұмыстары бөлмелерінде әскери-мемуарлық және көркем әдебиет, фотокөрмелер

ұйымдастырылды. 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жеңіске қол жеткізудегі Қазақстанның тарихи рөлі мен үлесі, Қазақстан жерінде жасақталған әскери құрамалар жайында жалпы білім беретін орта мектептерде лекциялар оқылды. Сан алуан тақырыпта батылдық пен ержүректілікке шақыратын Ерлік сабақтары өткізілді. Қазақстандық жауынгерлердің есімі мен ерлігі жазылған әскери-патриоттық «Естелік партасы» акциясы, дөңгелек үстелдер, Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлерімен кездесулер, дәрістер, бейнеконференциялар мен конференциялар, тәрбие жұмысының сағаттарында әр облыстан майданға аттанған батырларға арналып тақырыптық кештер болды. Әскерилер жылдағы дәстүрмен Ұлы Отан соғысына қатысқандардың және интернационалист-жауынгерлердің

ескерткіштерін, обелисктерін мен қорымдарын абаттандыруға да белсене қатысты. Сондай-ақ, Оңтүстік-Батыс майдан штабының арнайы тапсырмасымен Украина, Молдавия, Чехословакия, Румыния жерінде неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресіп, партизан қозғалыстары мен жау тылындағы жүздеген жорықтарды басынан өткерген Қасым Қайсеновтың, әуеге 300 мәрте көтеріліп, жау басып алған аумаққа ұшып барған штурман, гвардия лейтенанты Хиуаз Доспанова мен Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың туған күндеріне арналған тақырыптық кештер де әскери бөлімдерде жан-жақты атап өтілді. Көзі тірі қалған қарт жауынгерлерге гарнизондарда қамқорлық жасалып келеді.



**АСТАНАДАҒЫ «ҚАЗАҚ ЕЛІ» МОНУМЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫНДА ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ӘСКЕРИ ПАРАДТЫ «ШЫҒЫС» Өңірлік ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНА ҚАРАСТЫ ГАРНИЗОНДАРДА МЕРЗІМДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІН ӨТЕП ЖАТҚАН САРБАЗДАР ДА ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ ТАМАШАЛАДЫ. ОЛАР ЕЛІМІЗ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ БАРЛЫҚ ӘСКЕР ТҮРЛЕРІ МЕН ТЕКТЕРІН ТАНЫТҚАН 4 МЫҢНАН АСТАМ ӘСКЕРИДІҢ ӘЗІРЛІГІНЕ ТӘНТІ БОЛДЫ. ӘСКЕРИ ТЕХНИКАНЫ, МАЙДАНДЫҚ, АРМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-КӨЛІКТІК АВИАЦИЯНЫҢ ҰШАҚТАРЫ МЕН ТІКҰШАҚТАРЫН КӨРДІ. ЖАУЫНГЕРЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІГІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗДІ. ЕРТЕҢ ЕЛГЕ ҚОРҒАН БОЛАР ЖАС ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІН ПАШ ЕТКЕН ПАРАД ҮЛКЕН ӘСЕР ҚАЛДЫРДЫ.**



**Қатардағы Серікәли ДУЛАТҰЛЫ**, 44736 әскери бөлімінің мерзімді әскери қызметшісі: «Президентіміз – Қарулы Күштеріміздің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа ғана «Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз», – деді. Менің атамның әкесі, яғни, арғы атам Қоржынбай Иманғалиев та Ұлы Отан соғысына қатысқан. Майдан даласынан елге аман-есен оралып, екі жылдан соң қайтыс болды. Елді жаудан қорғау жолында от кешіп, Ұлы Жеңіске үлес қосқаны үшін батыр бабаларымды мақтан тұтамын».

бөлімінің мерзімді әскери қызметшісі: «Бүгінгі күні Қазақстан бойынша Ұлы Отан соғысының 105 ардагері қалса, соның бірі – менің үлкен атам Теңдік Әбдішев. Ол Павлодар облысының Тереңкөл ауданындағы Байқоңыс ауылында тұрады. Жасы 94-те. Мейрам қарсаңында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнінің құрметіне орай «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске – 80 жыл» мерекелік медалін алды. Әскери парадты тамашалап отырып, атам үшін мақтаныш сезімі кернегені рас. Жеңіс үшін, бүгінгі бейбіт күн үшін алғыс айтамын. Жеңістің 80-ші жылына жеткеніне қуаныштымын».



**Ефрейтор Назгүл ШОРМАНОВА**, 44736 әскери бөлімінің автоброньды танк қызметінің жауапты орындаушысы: «Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысу – мен үшін үлкен жауапкершілік және мақтаныш. Әскери қызметке келгеніме 8 жыл болды. Мұндай тарихи

маңызы зор айтулы шараға алғаш рет баруым. Әскери парадқа қаңтар айынан бастап дайындалдық. Парадтық топтардың әзірлігі Астана қаласында 1 сәуір күні басталды. Әскери әйелдердің бір бөлігі қазіргі заманғы жаңа киіммен, екіншісі тарихи бөлігінде соғыс жылдарындағы батыр қыздар бейнесінде сап түзеп шықты. Мемлекеттік маңызы зор шараның жаңалығы көп болды. Әскери техника үлгілері, алдымен соғыс техникасы, одан кейін Қарулы Күштеріміздің модернизацияланған жаңа үлгідегі заманауи техникасы мен жаңа ұшқышсыз ұшу аппараттары тұңғыш рет көрсетілді. Арнайы операциялар күштері секілді жаңа құрылымдар, жаңа бірлестіктер де әскери шеруде алғаш рет көрінді. Әскери парад әскердегі қызметтестерім, әсіресе, отбасым мен туған-туыстарым үшін зор абырой».



**Ефрейтор Перизат ҚУАНДЫҚОВА**, Семей қаласы әскери госпиталі

құпия емес іс жүргізу бөлімінің аға маманы (жауапты орындаушысы): «Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына арналған әскери парадқа алғаш рет қатысуға өз еркіммен өтініш білдірдім. Мемлекеттік деңгейдегі ауқымды шара әскери қызметке енді келіп жатқан біз сияқты жас әскерилерге мотивация болды. Жігерлендірді. Үлкен жауапкершілік әрі мақтаныш сезімін тудырды. Әскери шеруге іріктеліп алынған күннен бастап өзіме артылған үлкен сенім мен жауапкершілікті сезіндім. Қолыма автоматты алып, қаншама халықтың алдына шыққан кезде жүректегі от лаулай түсті. Еліміздің әнұраны орындалған кезде, әсіресе, Жоғарғы Бас қолбасшы алдында орындау – ол өте үлкен бақыт. Сол сәттегі бақытты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Көзіме еріксіз жас алдым. Оның себебі: осындай тәуелсіз елдің тәуелсіз өскен ұрпағы екеніме шын жүректен қуандым. Госпиталь командирі медицина қызметінің полковнигі Абай Рыскуловқа, дайындық басталған күннен бастап қолдау көрсете білген Азамат Мұратұлына, Гүлнұр Серікханқызына, Әсел Болатқызына және барша жеке құрамға алғысымды білдіремін. Астанаға аттанған күннен бастап үйде тақымдарын қысып, тілеуімді тілеп отырған ата-анама алғысым шексіз. Шеруден үйге қайтқан



**Қатардағы Дінмұхамед Теңдік**, 44736 әскери





кезде ата-анам мен әскери госпитальдің жеке құрамы күтіп алды. Жақындарымды көргенде жүректегі алапат сезім бойымдағы қанды тасытып жібергендей болды.

Соғыс – ұмытылмастай ізін қалдырған мәңгілік тақырып. Ал, Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақтың ортақ мерекесі. Батыр аталарымыз бен әжелеріміздің батырлығы мен жанқиярлығы, Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі – Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі-өнеге ғана емес, бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттың қайта өрленуінің, қайта жаңғыруының жоғарғы адамгершілік негізі. Әскер деген – мен үшін абырой, рух, қайрат. Әскер – мен үшін үлкен өмірлік мектеп. Біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйе, елінің, жерінің адал патриоты болуға достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Әрқашан егемен елімізді қорғап, тәуелсіздігімізді сақтау жолында соңғы деміміз қалғанша қызмет етуге дайынбыз».



**Қатардағы Асанәлі РАХЫМБАЙ**, 28738 әскери бөлімінің 2-ші зеңбіректі артиллериялық дивизионы 6-шы батареясының аға көздеуші-маманы: «Мен Қарағанды облысы Нұра ауданының тумасымын.

2024 жылдың қазан айында Абай гарнизонындағы 28738 әскери бөліміне мерзімді әскери қызметімді өтеуге шақырылдым. Алдымен Абай гарнизонындағы әскери қалашықта әскери шеруге қатысатын мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің дайындығы қызу жүргізілді. Таңғы ұйқыдан тұрғаннан кейін казарма үй-жайында бас қимылдары, түзеу сызықтары, аяқты көтеру, «түзел», «тік тұр» пәрмендерін орындау арқылы әзірлік болды. Түстен кейін үлкен алаңға шығып, саптық түзулікті сақтау, саппен жүру, саппен жүріп келе жатып пәрмен орындау секілді жаттығуларды күн сайын тыңғылықты пысықтадық. Одан соң Астанадағы далалық лагерьде еліміздің түкпір-түкпіріндегі әскери құрамалардан келген парадқа қатысушы барлық бөлімшелермен біріккен күйде қарқынды дайындықтан өттік.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа қатысу мәртебесі маған да бұйырып, ҚР ҚК Құрлық әскерлерінің құрылған күніне орай өткен іс-шарада жоғары әскери тәртіптілігіммен үлес қосқаным үшін ҚР Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтан марапат алдым. Осындай марапат алу – мен үшін үлкен мәртебе. Отан үшін от кешкен батыр бабаларымыздың рухына тағзым ету – еліміздің

әр азаматының тікелей парызы. Жеңісті әперген, бейбіт күнді сыйлаған жауынгер ата-апаларыма бас иемін. Олардың қаһарман ерліктері елдің есінде мәңгілік қалады».



**Қатардағы Бекболат ҒАЙЫП**, 28738 әскери бөлімі 2-ші артиллериялық дивизионының 4-ші батарея есептоп нөмірі: «Мен Қостанай облысының Жангелдин ауданындағы Аралбай ауылынан боламын. Еліміздің Қарулы Күштерінде мерзімді әскери қызметімді атқаруға 2024 жылдың күзінде шақырту алдым. Бүгінгі күні 28738 әскери бөлімінің 2-ші артиллериялық дивизионындамын. Мемлекет басшысы – еліміз Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бекіткен әскери парадқа қатысуға мен де мүмкіндік алдым. Қан майданда шайқасқан қазақстандық жауынгерлердің

рухына тағзым ете отырып, Ұлы Отан соғысы жылдарының тарихи көрінісін бейнелейтін қорапта жүріп өттім. Елтабар есімді туыс атам да осы соғысқа қатысқан. Артында қалған ұрпағы 9 мамыр күні әрдайым еске алады.

Парад кезінде Қазақстанда 37 Халық қаһарманы бар екенін естіп, оның 12-сі соғыс ардагері екенін білдім. Кеңес Одағының Батыры, айбынды армиямыздың тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебіне 2014 жылы түсіп, 2019 жылы бітірген едім. Әскери шеруді ашқан алғашқы қорап батыр атамыздың атындағы әскери колледж болды. Сол сәтте бойымды қуаныш кернеп, колледжден кейінгі парадтық қорапта тұрғаныма қатты риза болдым. Отанын қорғаған ержүрек жауынгерлердің ізін жалғап, бейбіт елдің күзетшісі болу – мен үшін үлкен абырой. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, елді қорғау – әрбір ер-азаматтың Отан алдындағы борышы. Сөзімнің соңын Сағадат атамыздың «Сарбаз Отан қорғайды, Отан оның намысын қорғайды» деген асыл сөздермен аяқтағым келеді».

**Алуа ИСКАКОВА**  
Суреттерді түсірген автор



# ШАГ ПАМЯТИ, ШАГ МУЖЕСТВА



КАЖДОЕ ДВИЖЕНИЕ ДОВЕДЕНО ДО АВТОМАТИЗМА. СТРОЙ ДОЛЖЕН БЫТЬ ИДЕАЛЬНЫМ - ШАГ В ШАГ, ДВИЖЕНИЕ В ДВИЖЕНИЕ. ОШИБКИ НЕ ДОПУСКАЮТСЯ, ВЕДЬ ПАРАД — ЭТО НЕ ТОЛЬКО ДЕМОНСТРАЦИЯ СИЛЫ И ТЕХНИКИ, НО И СИМВОЛ ЕДИНСТВА И БОЕВОЙ ГОТОВНОСТИ АРМИИ. ЗА ТОРЖЕСТВЕННОЙ КАРТИНОЙ, КОТОРУЮ ЗРИТЕЛИ НАБЛЮДАЛИ НА ГЛАВНОЙ ПЛОЩАДИ СТРАНЫ, СКРЫВАЮТСЯ МЕСЯЦЫ УПОРНЫХ ТРЕНИРОВОК, ТЕХНИЧЕСКОЙ ОТЛАДКИ И ОРГАНИЗАЦИОННОЙ РАБОТЫ.

О ПОДГОТОВКЕ И УЧАСТИИ В ВОЕННОМ ПАРАДЕ В АСТАНЕ РАССКАЗАЛИ ЕГО УЧАСТНИКИ И ПОДЕЛИЛИСЬ СВОИМИ ИСТОРИЯМИ.





### УКРАШЕНИЕ ПАРАДА

Воздушную часть парада можно назвать настоящим его украшением. Но именно она является самой сложной. Все начинается с предполетного инструктажа, на котором определяются все детали предстоящего полета. В частности, указывается точное время прохождения центральной трибуны для каждой авиационной группы, так называемое время «Ч», маршрут следования и количество топлива. Помимо этого, для авиационных групп предусмотрены запасные аэродромы, которые также подтверждают свою готовность.

В ходе предполетного инструктажа каждое ответственное лицо выступает с коротким докладом о готовности личного состава к предстоящим полетам. Звучит доклад примерно так: «Полетная документация заполнена. Тренажи проведены. Медицинский контроль пройден. Личный состав проинструктирован по мерам безопасности. Авиационная техника оформлена. К полетам готовы».

Кроме того, ответственные лица получают ценные указания от командования. К примеру, дежурный синоптик должен постоянно знать и периодически давать фактическую и ожидаемую метеорологическую

обстановку в районе полетов и по запасным аэродромам. При изменении метеорологической обстановки или ее ухудшении дежурный синоптик должен немедленно доложить об этом руководителю полетов.

Особую роль в обеспечении безопасности полетов играют специалисты инженерно-технического состава. Их ценный труд порой остается в тени, однако, благодаря усилиям инженеров на земле, летчик может быть спокоен в воздухе.

При подготовке к полетам наземные службы тщательно осматривают авиационную технику, проверяют

масла и жидкости, а также электронные бортовые системы, в том числе связь. Летный состав принимает борт и отправляется в свой очередной полет.

- Проведение парада в День защитника страны – это важная дата для всех военнослужащих, ветеранов Вооруженных Сил и для страны в целом. Торжественный парад



призван продемонстрировать профессионализм нашей армии. Особенно он важен для подрастающего поколения, которое придет

защитать Родину, - сказал старший инженер-инспектор инженерного авиационного управления Управления командующего Военно-воздушными силами майор Азамат Темиргали.

В этом году в воздушной части парада приняли участие 66 летательных аппаратов. Ими управляли лучшие летчики, которые выполнили трудную задачу – вышли на парадный курс и пролетели над площадью в нужное время, на нужной высоте и с точно определенной скоростью.

В торжественный день парада первыми в небо поднялись вертолеты армейской авиации, затем самолеты военно-транспортной авиации, за ними с аэродромов в Караганде и Талдыкоргане в воздух поднялись истребители. Особенной частью парада стал пролет специальной пилотажной группы, которая при помощи дымовых шлейфов изобразила в небе над столицей государственный флаг нашей республики.





- В воздушной части парада задействованы летчики Военно-воздушных сил, авиационной службы КНБ РК, АО «Казавиаспас». Всего для участия в параде привлечено более 200 человек летного состава и более 400 специалистов, обеспечивающих безопасность полетов, в

2014 года летает на вертолете Ми-17.

В 2015 году Еркебулан Калиакпаров принимал участие в военном параде в честь Дня защитника Отечества. Тогда совсем еще молодой выпускник вуза исполнял обязанности летчика-штурмана. В этом году он уже в статусе офицера



том числе военнослужащие инженерно-технического состава и материально-технического обеспечения, - отметил заместитель командующего Военно-воздушными силами по боевой подготовке полковник Жанибек Жумашев.

Во время подготовки к параду летные экипажи тренировали слетанность в составе авиационных групп. Свое летное мастерство в ходе парада продемонстрировал на параде командир авиационного звена Алатауской авиабазы майор Еркебулан Калиакпаров.

Он с детства мечтал быть летчиком. В 2010 году поступил в Военный институт Сил воздушной обороны. С

участвовал в параде как командир экипажа.

В состав летного экипажа входит три человека. В качестве командира экипажа летчик пилотирует вертолет, летчик-штурман

производит расчеты, чтобы вывести воздушное судно в определенную точку. В задачи бортового техника входит контроль за параметрами силовой установки и работой вертолета в целом.

Всего в воздушном параде было задействовано четыре вертолетные группы. В каждой группе пять вертолетов,

Динмухамед Женисулы.

Военную науку парень из Актюбинской области начал постигать в школе «Жас улан». Там он узнал о Военно-инженерном институте радиоэлектроники и связи, в который решил поступить. Таким образом Динмухамед стал первым представителем военной профессии в своей



летящих в боевом порядке клин на расстоянии 50 м друг от друга. Летчики пролетели над площадью на высоте 200 м и со скоростью 180 км/ч.


### ПРАВНУК ГЕРОЯ

В составе парадного расчета Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи по главной площади страны гордо прошагал достойный правнук своего прадеда курсант 1 курса

семье. Выбор молодого человека с воодушевлением поддержали его родные.

Сегодня парень обучается по специальности «Радиотехнические войска», изучая многочисленные станции обнаружения и определения объектов в воздушном пространстве.

Во время обучения Динмухамед узнал об отборе участников парада. По его словам, отбирались





студенты всех курсов, однако особый акцент делался на курсантах первого и второго курсов. Главными критериями для претендентов были хорошие ростовые данные, строевая выправка и умение шагать. Благодаря этим навыкам наш герой оказался в числе избранных, удостоившихся чести пройти перед трибуной, на которой присутствовали Верховный Главнокомандующий Вооруженными Силами, ветераны ВОВ и труженики тыла.

По итогам отбора курсанты приступили к тренировкам в составе

«коробки» в стенах института. Занятия продолжились в тренировочном лагере, где курсанты отрабатывали строевой шаг и выправку в составе парадного расчета. В процессе тренировок инструкторы обращали особое внимание на дисциплину строя.

В парадном расчете ВИИРЭиС торжественным маршем прошагали 150 курсантов в парадной форме. Во главе парадной «коробки» прошел начальник института генерал-майор Нуртас Кабаков.

Участие в параде стало особым событием для нашего героя. Оно запомнится на всю жизнь. В этот день он – правнук Победы – прошагал торжественным маршем в память о своем

прославленном прадедушке Герое Советского Союза Елеусове Жанибеке Акатовиче.

Жанибек Елеусов был призван в ряды Красной Армии в феврале 1943 года. По окончании полковой школы в Барнауле был направлен на 1-й Украинский фронт.

25-й гвардейский стрелковый полк, входящий в состав 6-й Краснознаменной гвардейской стрелковой дивизии, выйдя к Днепру, получил задание сходу форсировать водный рубеж, прорвать оборону противника и, окружив его, уничтожить. 22 сентября подразделения преступили к выполнению поставленной задачи.

В тот день к 17 часам батальоны шли на берег реки у населенных пунктов Плитовичи и Опачицы. Форсирование проходило под непрерывным артиллерийским огнем противника. Первыми на

складных лодках отплыли расчеты станковых пулеметов гвардии рядовых Алексея Власова, Василия Манилова, сержанта Жанибека Елеусова. Их тут же накрыл яростный огонь противника с противоположного берега. Взметнулись фонтаны воды, заливая лодку с бойцами. Сильно трясло, и в какой-то момент лодка накренилась, но ей удалось дотянуть до мелководья.

Неприятель, заметив переправу подразделений полка, начал вести еще более интенсивный огонь. И в этот момент сержант Жанибек Елеусов короткими очередями заставил замолчать вражеский пулемет, тем самым обеспечив возможность

переправиться через реку значительным силам батальона. На плацдарме за Днепром гвардейцы проявили невиданную стойкость, на протяжении месяца отражая по восемь вражеских атак.

Силы наших бойцов таяли... От всей группы остался один Жанибек. Но он не дрогнул, продолжая стойко удерживать небольшой плацдарм. Набивая опорожненные диски и ленты патронами, он расставил в разных местах пять пулеметов с таким расчетом, чтобы враг не смог заметить его перебежек от одного к другому. С рассветом, когда гитлеровцы вновь шли в атаку на позиции, занимаемые советским воином, Жанибек метко разил врага, создавая видимость, что плацдарм удерживает целое подразделение.

Четверо суток без пищи и отдыха! Четверо суток он один на правом берегу Днепра! Пулеметным огнем и гранатами отбивал наш земляк атаки противника, выйдя победителем в этом неравном бою. Подоспевшие на помощь солдаты во главе с командиром роты нашли Жанибека лежащим у станкового пулемета с запекшимися губами. К утру бойцы 25-го гвардейского полка овладели населенными пунктами Плитовичи и Опачицы.

После битвы на Днепре было еще множество сражений, в которых участвовал Жанибек Елеусов. В составе своей дивизии, получившей наименование «Ровенская» и награжденной орденами Ленина и Суворова, он дошел до стен Праги.

Однако совсем не берег себя этот храбрый и мужественный воин. В результате полученных ранений ему удалили шесть ребер и легкое. 24 мая 1944





года в Кремле ему была вручена «Золотая Звезда» Героя. Помимо этой награды, он также был награжден орденом Ленина, орденом Отечественной войны 1 степени, медалями «За отвагу», «За боевые заслуги» и другими.

Осенью 1944 года он был направлен на учебу в Казань, где было размещено Житомирское военное училище по подготовке командиров для пехоты. По окончании училища работал в городе Черновцы, где преподавал тактику ведения боя.

Заболев, поехал поправлять здоровье в Новосибирск, а затем в родное село Тураты. После выздоровления был назначен директором семилетней школы в селе Верхоний (Алтайский край). В 1948 году был избран председателем сельсовета, депутатом Алтайского краевого совета.

С 1954 года жил в Восточно-Казахстанской области. В 1962 году переехал в город Гурьев (ныне – Атырау), где работал преподавателем начальной военной подготовки в средней школе имени Ибрая Алтынсарина.

С августа 1964 года был начальником спортивного стрелкового клуба

Гурьевского областного отделения ДОСААФ. В 1991 году вышел на заслуженный отдых. Ушел из жизни 21 апреля 1996 года.

В семье Динмухамеда Женисулы трепетно хранят память о герое, его ордена и медали.

- Парад Победы стал данью уважения нашим предкам, которые 80 лет назад победили фашизм. Торжественный парад продемонстрировал силу духа, стройность и молодцеватость Вооруженных Сил Казахстана. Каждый военнослужащий, участвовавший сегодня в параде, чувствует большую ответственность за свою страну, - говорит курсант Динмухамед Женисулы.

Военнослужащие-участники парада проделали большую работу. Ежедневно, в любую погоду они упорно трудились, чтобы военный парад стал зрелищем, которое надолго запомнят казахстанцы – потомки воинов-освободителей.

### «ГОРЖУСЬ УЧАСТИЕМ В ПАРАДЕ»

В числе тех, кто торжественно прошагал по главной площади столицы, курсант второго курса летного батальона Военного института Сил воздушной

обороны имени дважды Героя Советского Союза Т. Я. Бегельдинова Ерсұлтан Жангабыл.

Окончив Республиканскую военную школу-интернат (г. Караганда), парень вдохновился мечтой стать военным летчиком и подал документы в ВИ СВО.

- При поступлении было важно пройти медицинскую комиссию и профессиональный отбор, который включал ряд тестовых заданий на логическое мышление, навигацию, умение определить свое положение в пространстве, - рассказывает Ерсұлтан Жангабыл.

Сегодня наш герой обучается по специальности «Эксплуатация воздушных судов (самолетов)». На втором курсе обучения курсанты начинают плотное изучение своей специальности. Так, в программу их обучения входят следующие предметы: «Аэродинамика и динамика полета», «Воздушная навигация», «Теория авиационных двигателей». Все это составляет основу знаний будущих летчиков об авиационной технике.

По окончании четвертой четверти второго курса курсанты отправляются на стажировку, где обучаются полетам на легкомоторном самолете P2002. Стажировка проходит на базе авиационного учебно-тренировочного центра «Балапан» в г. Караганде.

Первым этапом подготовки курсантов к самостоятельным полетам является наземная подготовка. Она позволяет получить допуск к полетам. Первые учебные полеты курсанты выполняют с инструктором.

На третьем и четвертом курсах курсанты продолжают практиковаться на учебных истребителях L-39.

Наш герой находится в ожидании своих первых самостоятельных полетов. По его словам, он с волнением и нетерпением ждет этот день. Пока же он тщательно изучает все предметы, которые помогут в управлении самолетом.

В преддверии парада в ВИ СВО прошел отбор курсантов-участников предстоящего мероприятия. Благодаря умению четко шагать и росту Ерсұлтан оказался в числе избранных. Всего в «коробке» Военного института Сил воздушной обороны торжественным маршем по площади прошли 150 курсантов. Парадный расчет института следовал за «коробкой» Военного института Сухопутных войск. Во главе парадного расчета - начальник ВИ СВО полковник Тимур Еспаганбетов.

Курсанты в составе расчета прошагали в парадной форме голубого оттенка в цвет неба, которую украсили канты, а на голове красовались голубые беретки.

Во время подготовки к параду курсанты ежедневно выходили на плац, чтобы отработать ключевые элементы в парадном строю. Особый акцент делался на равнение в колоннах, в шеренгах и по диагонали. Именно эти три вещи являются основными для пеших парадных расчетов. Командиры-инструкторы обращают свое внимание на равнение головы и подъем подбородка.

- Парад - это большое событие. Думаю, что каждый военнослужащий гордится своим участием в нем. Этот парад наглядно показал миру подготовку казахстанских солдат и офицеров, - говорит будущий летчик.

**Нариман ДЮСЕНОВ**



«Қуатты армия –  
Жаңа Қазақстан»



2025

АІВҮН



Республикалық әскери-патриоттық журнал